



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№16 (656)  
16 СӘУІР,  
2026 ЖЫЛ

Кейінгі кездері жасанды интеллектті қолдану адамзат өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның мүмкіндіктері медицина, білім беру, технология салаларында кеңінен көрініс тауып жүр.

Алайда біз үшін көмекшіге айналған құралдың күнделікті қолданылуы туралы пікір-таластар сейілер емес. Бірі оны көмекші десе, екіншісі адамның ойын шектейтін қару санайды. Ал шын мәнінде жасанды интеллект мидың шешім қабылдау қабілетін бәсеңдететін қауіп пе, әлде идеяны өрбітіп, жаңа бастамаларға жол ашатын құрал ма? Бірге саралап көрейік.

3-бетте

## ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЗАҚ



## АҚ ХАЛАТПЕН АРМАНҒА БАСТАҒАН...

Бүгінгі медицина бұрынғы медицинадан бөлек. Иә, қалай десеңіз де, қоғам бұл сөзді айғақтап тұр. Дамыған, заманауи құрал-жабдықтармен қоса, қалаған әдебиетіңіздің әлемін смартфонды саусақпен сипасаңыз жетіп жатыр. Сыр сандық өздігінен ашыла түседі. Иә, білемін, үйренемін дегенге үміт сыйлар әрекет жетіп жатыр. Басын ауырып, балтырын сыздаса, бағытын тура бұрылатын осы ақ халаттылар қалай білім алады, олардың мүмкіндігі қандай деп «Болашақ» жоғары медициналық колледжіне барғанда осы ойды нықтай алдық. Бүгінгі студент бес қаруын сайлап, жауға шапқан батырдай жарқатанып жатыр екен.

Сол жағалаудың көркіне айналған «Болашақ» оқу орнына табан тірегенде зәулім сарайдың кіреберісінен бізді робот қарсы алды. Қандай ғажап, э?! Заманауи дағды деген осыдан басталатын шығар... Колледж директоры Раушанбек Шарапат жылы қарсы алып, оқу орнының бүгінгі жетістіктерімен, хал-ахуалымен таныстырды.

Ең алдымен барғанымыз – симуляциялық орталық. Мұнда студенттер кез келген қиындықта қандай қадамға бару керегін қолмен ұстап, көзбен көріп, түйсінеді. Арнайы пәндер циклінің жетекшісі Нұрсұлду Жомартқызы



бұл орталықтың студенттердің қалыптасуына ерекше ықпал ететінін айтты.

2-бетте



## АРПАЛЫСҚА ТОЛЫ ҚЫЗМЕТТЕ

Қонырау шыр ете қалды. Диспетчер дереу тұтқаны көтергенде шырылдаған ананың жанайқайын естіп, жан дүниесі алай-дүлей болды. Иә, өмір болған соң түрлі шақыру болады. Бірақ бұл жолғы ананың жанайқайы жан дүниенді шырқыратардай еді. Дайын тұрған топқа хабар берді де, жолға шығарып салды. Бұл топтың ішінде фельдшер Ардақ Әлішерқызы бар еді...


Қызылорда-Жезқазған жолы... Мұндайда жол дегеніңіз жеткізбейді. Бірақ диспетчер тікелей шығып, тездетуін сұрады. Ардақтың ойында «алда бізді не жағдай күтіп тұр, мен оған дайын болуым керек» деген мақсат қана тұрды.

– Бізге алты жастағы баланы стансасының №1 бөлімшесінің көлік қаққаны туралы ақпарат келіп түсті. Баланың бір аяғы жұлынып қалған екен. Біз барғанда бала жылап жатқан жоқ. Дерек жеткізіп шараны жасадық. Әрбір минут, тіпті секундта адам тағдырын шешеді. Көп ойланбадық. Көлікке мінігізіп, жолға шықтық. Бұл жерде жүргізушінің мойнына көп жауапкершілік артылады. Жүргізушінің шеберлігінің арқасында облыстық балалар ауруханасына 8 минутта кіріп келдік, – дейді облыстық медициналық жедел-жәрдем

стансасының №1 бөлімшесінің фельдшері Ардақ Нұрәлиева.

Қиындық адамды тез есейтіп жібереді ғой. Алты жастағы балақай ауық-ауық «тәте, жетіп қалдық па?» деп үлкен адамша сұрап келеді. Арасында «ауырғаны басылды» деп анасын да жұбатып қояды. Қасқағым сәтте облыстық балалар ауруханасының ауласына жеткенін естіген балақайдың көзқарасы әлі күнге дейін фельдшердің көз алдында.

5-бетте



Қойдың сорпасын ішіп, етін жеп өскен қазаққа «кейбір адам үшін тамақ жеу қорқынышпен, кінәмен, ұялу сезімімен, тіпті өз-өзін жек көрумен араласып кеткен ауыр психологиялық тұзақ» деп айтсақ, қабылдай ала ма? Десе де, бұл шындық, бұл дерт, ал оның атауы – булимия.

Булимия бір күнде пайда болмайды, ол қоғамның қысымынан, мінсіздікке ұмтылған сананың шаршауынан, эмоциялық бос кеңістіктен, қабылданбаған жан жарасынан өсіп шығатын дерт. Әлеуметтік желі жалған сымбатты өмір салтының эталонын көрсетіп, сыртқы келбет адам құндылығының басты өлшеміне айналған сайын бұл мәселе бұрынғыдан да күрделене түсті.

Ең қауіптісі – булимияны көпшілік

3-бетте

## СЫР ЖАСТАРЫ ҚАЙДА БАРАДЫ?



Қоңіліне көкжиек іздеген жастар көбіне алысты аңсайды. Бірі тарихи рухы терең Түркістан қаласына барып, қасиетті орындарды аралауды қалайды. Енді бірі асқақ шырлар мен табиғаты тамсандырған Алматы тауларына асығады. Ал кейбірі елордаға жол тартып, Астана қаласының айшықты келбетіне, Бәйтерек секілді символдық нысандарына қызығады. Тіпті сол маңдағы Бұрабайдың табиғатына жетуді армандайды.

Алайда бір сәт аялдап, ойлансақ, өзіміздің туған өлкемізде, Сыр бойында, дәл сол қызығушылық пен әсер сыйлайтын қаншама орын бар екенін байқаймыз.

Қызылорда – тарих пен мәдениеттің, рух пен жаңашылықтың тоғысқан мекені. Мұнда жастар үшін тек серуендейтін

емес, ой түйетін, шабыт алатын, өзін танытын мәдени орын жеткілікті. Ендеше, «Қызылорда жастары қайда барып қыдыра алады?» деген сұраққа бірге жауап іздеп көрейік.

2-бетте

Басы 1-бетте

# АҚ ХАЛАТ ПЕН АРМАНҒА БАСТАҒАН...

– Міне, жүрекке массаж осылай жасалады. Содан соң ауызға дем берудің де екі нұсқасы бар. Осыны ұмытпаған жөн. Бұл алғашқы көмектің бағыты, – деп студенттерге түсіндіріп жатты. – Біз бұл орталық арқылы мемлекеттік емтихандарды қабылдаймыз. Қазір құрал-жабдықтың барлығы компьютерлендірілген. Компьютер арқылы балаларға тапсырма береміз. Тапсырманы орындап жатқанда дұрыс не бұрыс екенін компьютер көрсетіп тұрады. Диагноз қойғанда да осы компьютер арқылы баланың жұмысына баға беріледі.

Расыммен, барлығы – автоматтандырылған жүйе. Балаларға да, ұстаздарға да қиын емес. Бастысы, баланың теориялық білімі тәжірибемен ұштасады. Симуляциялық орталықтың ерекшелігін тыңдап тұрғанда цикл оқытушысы Римма Төлегенқызы балаларға хирургиялық бағытта сабақ жүргізіп жатты. Кәдімгідей тәжірибеден алар білім теориядан да асып кетіп жатыр.

– Мейіргер ісі деген мамандықтың өзі сан-саққа бөлінеді. Ол хирургияның немесе акушерлік бөлімнің мейіргері болуы мүмкін. Ал мен бұл жерде жалпылама айтамын. Қалғанын жеке дара салаларға бөлінгенде ұғынып алады. Мұнда 11-сыныптан кейін түскендер екінші семестре науқасқа қалай көмектесу керектігін біліп, дағдыланып алады. Түптеп келгенде 5-ақ айда дап-дайын маман болып шығады.

Нұрмаханқызының айтуынша, мұндай мүмкіндік өңірде жалғыз оқу орнында ғана бар.

– Біздің мақтан ете айтар жетістіктеріміз бен мүмкіндіктеріміз көп. Егер белгілі бір элемент туралы білгіңіз келсе, осындағы QR кодтың үстіне ұялы телефоныңызды апару арқылы барлық ақпаратқа қанығасыз. Таяуда өңірдегі оқу орнының қызметкерлері келіп аралап, көріп, таңдай қаға тамсанып кетті. Әрине, бұл оқу орнының басшылығының білімге капитал салудан қорықпайтынын, балалардың болашағын, білімнің сапасын ойлағаннан осындай қадамға барып отырғанын көрсетеді. Арнаулы кабинеттерде білім алу балаларға тақырыпты терең түсініп, кенінен талдауға мүмкіндік береді, – дейді Ақниет Шайхсламова.

Елде кең дамып келе жатқан саланың бірі – стоматология. Бұл мамандықтың шәкірттеріне де зор мүмкіндік жасалған. Бұл бағытта балаларды теміржол емханасының дәрігері Алтынай Қалмахан оқытып жүр. Әрі тәжірибелі дәрігер, әрі мұғалім. Балаларды мамандыққа қызықтырып, өзінің біліктілігін байқатып жүрген маман кәдімгі тіс емханасының құрылғы-жабдықтарымен таныстырды.

– Бізде сабақта пайдаланатын құрылғыларымыздың барлығы кәдімгі кәсіби дәрігердің жабдықтарынан кем емес. Міне, мына жасанды тістерді балалар өздері қолдан ойып, жасап әкелген. Мына орындыққа олар пациент ретінде араларынан біреуін отырғызып, оның тісіне талдау жасай алады. Жарығына дейін қосулы. Бізден шыққан студенттердің нағыз өз ісінің маманы болатынына кәміл сенемін.

Біздің сабақтарда балалар теория мен тәжірибені бір-бірімен тығыз байланыстырады. Бұл олардың салаға лайықты дәрежеде машықтануына зор мүмкіндік сыйлайды, – дейді тіс дәрігері Алтынай Маратқызы.

Мұнан соң біз оқу орнының кітапханасына бас сұқтық. Тамаша. Білесіз бе, мұндағы кітап қоры 78 мыңға жақын екен. Кітапханашы Жанар Алдабергенова балалардың кітапқа мұқтаждығы жоқ екенін айтты.

– Бізде мамандық бойынша да, көркем әдебиет бойынша да кітаптар жеткілікті. Қажет кітаптарды басшылықтың көмегімен тіпті баспаханадан тікелей тапсырыс беріп, алдыратын кездеріміз де бар. Қандай әдебиет жоқ, соны дереу алдырып береді. Бұл – білімді ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды іс. Бізде бағдарламалық кітаптар да бар. Мұндағы кітаптың электронды нұсқасы біздің электронды кітапханамызда да бар. Балалар логин мен құпиясөз арқылы тіпті үйінде отырып та оқи алады. Әрине, негізі кітапты қолға алып оқығанға жетпейді. Бірақ электронды кітапхананың да оперативтілік тұрғыда көп қажеттілігі бар. Байқап тұрғаныңыздай, қанша бала келсе де компьютер саны жеткілікті. Олар интернет арқылы өздерінің рефераты мен ғылыми жұмыстарына да мәліметті алып, тіпті қағазға шығарып та алады. Мұның барлығына жағдай жасалған. Таңертенгі сағат 9-дан кешкі 18.00-ге дейін балалар келіп, қалағанынша отыра алады. Біз тек оқу орнында ғана емес, жатақханада да кітапхана ашып қойдық. Олар кез келген уақытта өзіне қажетті кітапты алып, оқи алады, – дейді Жанар Байшорақызы.

Бүгінде жоғары медициналық колледжде 1371 студент білім алуа. Өңірде медициналық бағытта мемлекеттік грант конкурсына қатыса алатын екі оқу орны болса, соның бірі – осы. Мұнда 7 мамандық, 8 біліктілік бойынша оқытады. Осы күні мұнда 325 бала мемлекеттік грант бойынша тегін



білім алуа. Колледж директоры Раушанбек Шарапат оқу орнының ерекше тұстарын аралап болған соң, жетістіктерін тілге тиек етті.

– Мәселен, 2019-2024 жылдардағы 2НК статистикалық деректер талдауына сүйенсек, білім берудің барлық деңгейі бойынша білім алушылардың контингенті 2019 жылдан бастап орта есеппен 6,4% көбейді. Бірақ бұл ретте білім беру гранты бойынша білім алушылар контингенті 23% өскенін көрсетуде.

Колледж қабырғасында білім алып жүрген бүгінгі студент – ертенгі жас маман. Жас ұрпақтың денсаулығы – болашақ денсаулық саласы мамандардың қолында. Заманауи талаптарға жауап бере алатын, білімді де білікті маман даярлау – біздің мақсатымыз. Осы орайда жыл сайын білім алушылар қатары артып келеді.

Колледждің педагогикалық құрамы ұсынылатын ҚР Мемлекеттік жалпыға орта білімнің медициналық білім беру сапасына жауапты. Колледждің оқытушылар құрамының кадрлық әлеуеті білім беру әрекетінің лицензиялаудың кәсіби талаптарына сәйкес келеді және оқытушылар оқу үрдісі мен кері байланыс ұйымдастыру кезінде білім алушыларға тиімді білім беретін қажетті шеберлік пен тәжірибесін, оқылудың заманауи әдістерімен меңгерген. Оқу пәндерін оқыту штаттағы оқытушылармен жүзеге асырылады және де қалалық емдеу-профилактикалық мекемелерден қосымша қызметкерлер тартылған, – дейді Раушанбек Айбекұлы.

Балалардың білім алуына, мамандануына барлық жағдай жасалғанын аралап, көріп шықтық. Бұл – оқу орны үшін зор жетістік. Колледж директоры балалардың тәжірибеден өтуіне байланысты да жағдай жасалғанын жеткізді.


– Тәжірибенің барлық түрінің сапасын арттыру мақсатында облыстағы 45 емдеу мекемелерімен оқу-өндірістік, кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру және өткізуді бірлесіп жұмыс жасаудың екіжақты тиімділіктері негізінде, екіжақты жарлыққа және бар мүмкіндікке сүйене отырып келісім шарт жасалынған. Негізгі клиникалық базаларда оқу дәрісханалары жабдықталған: «Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК, «Көп бейінді қалалық аурухана ШЖҚ КМК, «Достармед Line» клиникасы, ЖШС «Фарматека», ЖШС «Қанат Орда» және т.б. Оқытушылар да бір орнында тоқтап қалмайды. Кәсіби білімді шыңдау, оқытылған білімнің тәжірибелік жақтарының меңгеруін қалалауға және зерделеу мақсатында кәсіптік сайыстар, байқаулар ұйымдастырылады. Дәстүрлі түрде «Үздік анатом», «Үздік мейіргер», «Дәрілік түрлер технологиясы», «Тіс протездерін дайындау» сайыстары мен «Үздік жедел-жәрдем бригадасы» кәсіби байқауы бірінші және бітіруші түлектер арасында өткізіледі. Сайыстар мен байқауларда кәсіптік және арнайы пәндер бойынша теориялық және ситуациялық сұрақтар, тәжірибелік жұмыстар беріледі. Кәсіби бағыттағы жүргізілген іс шараларды ұйымдастыру барысында колледж оқытушыларының жанашырлығы мен іскерлігі мыңдалады, – дейді Раушанбек Айбекұлы.

Колледж тек ел ішінде ғана емес, әлемдік деңгейде біліктілікті арттыруды алға қойған. Оның бір ғана мысалы, халықаралық ынтымақтастықты дамыту шеңберінде тәжірибе алмасу және арнайы пәндерді оқытуда басқа елдердегі тәжірибемен бөлісу, достық іскерлік қарым-қатынаста болу, халықаралық деңгейде тәжірибелік жұмыстардың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыру мақсатындағы іс-шаралар. Бұл бағытта Лунд Университетінің PhD докторы, қоршаған ортаның зерттеушісі, сараптамалық қатынас құрушы, келіссөз жүргізуші Доктор Осамали Махер мен И.К. Ахунбаев атындағы Кыргызстан мемлекеттік медициналық академиясы медицина ғылымдарының докторы, профессор Усубалиев Мейкин Бейшенбаевич кәсіби шеберлік сағаттарын және білім алушыларға арналған тыңдалым сағаттарын өткізді және қатысушыларға сертификаттар берілді. Халықаралық деңгейдегі кәсіби мамандармен бірлесіп өткізген іскерлік бағыттағы жұмыстары колледж оқытушылары үшін үлкен тәжірибе алмасу болды. Сонымен қатар арнайы пән оқытушылары облысымыздағы емдеу мекемелерінен тәжірибелік тағылымдамалардан өтті.

Оқу орнында мұнан өзге де ауыз толтырып айтарлық игі жұмыстар бар. Бірақ бастысы – елдің болашағы ретінде жастардың сапалы біліммен қарулануы. Колледж жұмысымен танысып, жетістіктеріне бәрекеңді дестік.

Дәулет ҚЫРДАН,  
Суреттерді түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте



# СЫР ЖАСТАРЫ ҚАЙДА БАРАДЫ?

Қызылорда қаласының жүрегінде орналасқан мәдени орындар жастар үшін нағыз рухани азық. Көп жағдайда жастар музейді тек мектеп бағдарламасымен байланыстырып, оған деген қызығушылығын жоғалтып алған. Бірақ бүгінгі музейлер бұрынғыдай тек экспонаттар тізбегі емес, олар уақыттың үнін жеткізетін, тарихты сөйлететін тірі кеңістікке айналған.

Мәселен, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі өткен мен бүгіннің арасына жалғайтын алтын көпір іспетті. Мұнда Сыр бойының көне дәуірден бастап бүгінге дейінгі шежіресі сақталған. Археологиялық табыстар, этнографиялық бұйымдар, тарихи құжаттар жас буынға өз тамырын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Әсіресе интерактивті форматтағы заманауи көрмелер жастардың қызығушылығын арттыра тү-

кешені жастар үшін ерекше мәнге ие орындардың бірі. Бұл кешен тек архитектуралық тұынды ғана емес, ол философиялық ойдың, мәңгілік ізденістің символы.

Қорқыт ата туралы аңыздар мен күйлер қазақ халқының дүниетанымын, өмір мен өлімге деген көзқарасын терең тізбегі емес, олар аумағында тұрған қобыз сарыны желмен бірге үндесіп, ерекше атмосфера қалыптастырады. Мұнда келген адам уақыттың тоқтағандай күйін сезінеді.

Сондай-ақ өңірдегі тағы бір ерекше орын ол – Барсақкелмес қорығы. Бұл жердің атауының өзі жұмбаққа толы. Бір кездері арал болған аймақ бүгінде ерекше табиғи қорық ретінде сақталған.

Барсақкелмес сапар шегу оңай емес, бірақ дәл сол қиындық оның құндылығын арттыра түседі. Мұнда сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер сақталған. Таби-



седі. Кіру құны өте қолжетімді, студенттер мен балаларға жеңілдік қарастырылған.

Шығармашылыққа жақын жастар үшін ерекше орындарды атап өтсек: Перовск Казанско-Богородный шіркеуі, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы, Айтбай мешіті және Б. Шүкенов атындағы сыябақ жастар үшін рухани серігуге таптырмайы локациялар.

Ал қала сыртына назар аударсақ, облыстың ең ерекше әрі әлемге әйгілі нысандарының бірі – Байқоңыр ғарыш айлағы бар. Бұл жай ғана туристік орын емес, адамзаттың ғарышқа алғаш қадам басқан тарихи мекені.

Жастар үшін Байқоңырға бару жай ғана саяхат емес, бұл ғылымға, технологияға деген қызығушылықты оятып мүмкіндік. Мұнда зымыран ұшқанын көруге, ғарыш тарихымен танысып, нағыз ғылыми ортаның тынысын сезінуге болады.

Одан бөлек, Сыр бойының рухани тірегі саналатын Қорқыт ата мемориалдық

ғаттың өзгермеген күйін көру, оның тынысын сезіну қаланың қарбаласынан шаршаған жастар үшін таптырмайы демалыс.

Одан бөлек, аймақта жастарға арналған жаңа форматтағы демалыс орындары көбейіп келеді. Коворкинг орталықтар, ашық алаңдар, мәдени іс-шаралар өтетін орындар жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

**Тілші түйіні:** Жастар үшін қыдыру тек көңіл көтеру ғана емес, ол өзін дамыту, жаңа дүниені тану, өмірге басқа қырынан қарау мүмкіндігі. Ал мұндай мүмкіндік өз туған жерімізде де жеткілікті екенін ұмытпау керек.

Сыр елінің әрбір бұрышы бір сыр шертеді. Сол сырды тыңдай алатын, жүрепкең сезіне алатын жастар ғана өз өлкесінің шынайы байлығын түсінеді. Сондықтан алысты аңсаған сайын, бір сәт туған жерге де көз тастау артық етпейді. Өйткені кейде ең әсерлі сапар дәл үйіңнің маңында басталады.

Қорлан САРЫ



Суреттер ашық дереккөзден алынды



Медицина маманы болу – өз еңбегіңмен көріну. Өйткені, мұнда сен өз еңбегің арқылы ғана биікке шығасың. Мойыңда ауыр жауапкершілік болады. Мұнда келген балалар да сол жауапкершілікті ұғынып, өз бетімен білім алуға, өз бетімен үйренуге дағдыланады. Мамандықтың ерекшелігі де осында жатыр, – дейді Римма Қазақова.


«Болашақ» жоғары медициналық колледжінде университеттерде жоқ жабдықтар бар екен. Мәселен, Менделеев кестесіндегі элементтерді бір қабырғаға жинақтап, оның әрбірін жеке дара бір-бір жөшікке салып, әйнек қақпа арқылы көрсетіп қойған. Қандай элементті көргіңіз келсе, арнаулы құтыдан қолыңызға ұстап, көре аласыз. Әрине, қауіпті элементтерден басқаларын.

Химия пәнінің оқытушысы Ақниет



Басы 1-бетте

# ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЗАҚ



ЖИ – таңдау емес, заман талабы. Бұл тек қана Қазақстан емес, басқа елдердің де басты мақсатына айналғанын ұмытпауымыз керек.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Шымкентте өткен «Digital Qazaqstan» форумында «Бүгінде технологиялық көшбасшылық инфрақұрылымға немесе инвестицияға ғана байланысты емес. Ең бастысы – адамдардың дамуына жағдай жасау және мықты технологиялық шешімдер жасау», – деп айтқан еді. Мұндағы басты мақсат ретінде жасанды интеллект арқылы заңдағы қайшылықты, қайталау не ескі нормаларды анықтайтын құралдар әзірлеу және ауыл шаруашылығын цифрландыру, ЖИ-скоринг, яғни автоматты бағалау жүйесін енгізу деп бекітілген еді. Ойлаушы, енді бұл құрал біздің күнделікті жұмысты жеңілдетеді алады.

Кіріспеде атап өткеніміздей, жасанды интеллект мүмкіндіктері білім беру саласында да үлкен қолданысқа ие. Былтыр оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев 2025-2029 жылдарға арналған орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ орта

білімнен кейінгі білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізудің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы бірлескен бұйрыққа қол қоюы – бұған дәлел.

Қазірде ұстаздар әлеуметтік желіде көмекші құрал арқылы тақырыпты оқушыларға тиімді жеткізу туралы жиі айтып жатады. Бірақ оқытушылар оған сай кері байланыс ала ма? Міне, нағыз мәселе. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Оқу-ағарту министрлігі 2025 жылдың қыркүйегінен бастап мектептерге жасанды интеллектті енгізетінін жариялаған кезде Асхат Аймағамбетов «Қойылып жүрген сұрақтарға қарасақ, көпшілік бұл жаңалықты «балаларды ChatGPT-ді ғана қолдануға үйретеді» деп ойлаған. Ал шын мәнінде, олай емес. Өйткені біздің балалар ЖИ құралдарын қазірдің өзінде кенінен қолданып жүр: ChatGPT, DeepSeek арқылы үй тапсырмасын орындайды, шығарма жазады, презентация жасайды» деген пікір білдірген еді. Депутат мәселе балалардың бұл құралдарды қалай дұрыс, сауатты, этикалық, жауапты және тиімді қолдана алмайтынында екенін атап өткен еді. Жалпы, біз жасанды интеллект туралы айтқанда, әлдеқайда кең ойлауымыз қажет. Оқу сауаттылығы мен сыни ойлауды дамыту ЖИ арқылы өрбіп, әрі қарай жол сілтеуі керек. Ал бізде бұл мәселе күрделі. Балалар оны үй жұмысын орындаудағы көмекші емес, дайын жұмыс ретінде қарастырады. Қысқа промпт жазу арқылы біз алға қойған материалды еш өзгеріссіз тапсырамыз. Мұны өзіндік жұмыс деп атауға келмес. Сананың құлдырауы, сыни ойлау қабілетінің тежеуі де кейде осындай жалқаулық әсерінен болып жатады. Бұл ЖИ-ді қолдануға болмайды деген сөз емес.

Кейінгі кездері ұстаздар ол арқылы оқушыларды қызықтырып,

түрлі видео, жазба материалдарын қолданады. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды» деп атап өткен еді. Яғни студенттер мен оқушылар оны тек көмекші ретінде қарастыруы

оның қай бөлімде және қандай мақсатта пайдаланылғаны міндетті түрде көрсетілуге тиіс. Сондай-ақ қолданылған құралдың атауы мен алынған ақпараттың қайнар көзі нақты белгіленуі қажет. Яғни автор өз жұмысында жасанды интеллектті қолданғанын ашық көрсетуге міндетті. Сонымен қатар ғылыми жұмыстың қорытынды бөлімінде ЖИ алгоритмдерін қолдануға тыйым салынады. Себебі қорытынды – автордың жеке ғылыми тұжырымы мен дербес ойының нәтижесі болуға тиіс. Бұл талаптар барлық деңгейдегі жұмыстарға қатысты. Студенттік тапсырмаларға, ғылыми

Бірақ бір тұсын көзбен көрген дұрыс. Gizmodo ақпараттық агенттігінің хабарламасында Жасанды интеллект жылына 26-48 миллион тонна экввалентті көмірқышқыл газын өндіре алатыны туралы жазылған. Ол 2024 пен 2030 жыл аралығында 5-10 миллион жаңа автокөлікті өндірістен шығарып, қолданысқа енгізгенмен бірдей.

Америкалық зерттеушілер ЖИ бір жылда 193-297 миллиард галлон суды қолданатыны туралы тұжырым жасаған. Бұл шамамен 6-10 миллион адамның жылдық су тұтыну көрсеткішімен бірдей.

БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының бас цифрлық қызметкері Голестан Радваннның айтуынша, жасанды интеллекттің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы біз білмейтін мағлұмат көп, бірақ олардың кейбірін естігенде алаңдап та қаласыз.

Бұл біздің жасанды интеллектті онды-солды қолдануымызға тосқауыл болуы керек.

Технология қаншалықты ақылды болса да, оған бағыт беретін, оның этикалық шеңберін сызатын және ең бастысы – оған жан беретін адамның парасаты болып қала бермек. Ол біздің орнымызды басатын бәсекелес емес, мүмкіндіктерімізді еселейтін құрал. Оны сауатты қолдану – цифрлық дәуірдегі әрбір азаматтың басты дағдысы болуы тиіс. Сонымен қатар атап өткеніміздей, сіз жазған кішкентай промпт үлкен экологиялық мәселеге әкелуі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллектті пайдаланбас бұрын өзіңізге сауал қойыңыз. Сіздің іздегелі тұрған сұрақ шынымен оның зардаптарынан асып, бізге тың идеяны не адамзат үшін пайдалы ақпарат, жаңа жобаны іске асыру үшін керек құрал ма? Әлде жай уақытша дофамин қалыптастыру тәсілі ме?

Мейір НИЕТ



Сурет «ЖИ» арқылы жасалғаны

керек. Жасанды интеллект ұстаздың ролін атқара алмайды.

Расында, жасанды интеллекті туралы айтқанда жақында Саясат Нұрбектің «Біз бір жыл ішінде ғылыми білім беру саласындағы құжаттар мен ережелерге бірқатар өзгеріс енгіздік. Соған сәйкес, жасанды интеллект алгоритмдерін қолдануға рұқсат берілді, алайда бұл үдеріс қатаң шектеулермен реттеледі. Атап айтқанда, кез келген студенттік, ғылыми немесе диссертация жұмысында жасанды интеллект қолданылған жағдайда,

зерттеулерге және диссертациялық еңбектерге бірдей қолданылады» деген тұжырымдамасын естен шығара алмаймыз. Диплом қорғау – өте маңызды қадам. Ал мемлекеттік органдардың мұндай шешім қабылдауы жастарға деген сенім деп қабылдауға тұрарлық.

## Тақырыпқа тұздық

Жасанды интеллект туралы айтар сөз көп. Оның пайдалы да, қиындық туындыратын тұстары да көп. Ол туралы айтып қоя салуға болады.

Басы 1-бетте

# БУЛИМИЯ ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

Әлемдік зерттеулерге сүйенсек, булимияның таралуы әйелдер арасында шамамен 0,5-2%, ал ерлерде 0,1-1%-ды құрайды. Бірақ мамандар бұл көрсеткіштің нақты жағдайды толық ашпайтынын айтады. Себебі бұл дертті науқас та, дәрігер де біршама уақытқа дейін байқамайды, ал соның салдарынан, әрине, нақты статистика да шыға қоймас.

Қазір барлық аурудың жасарғанын айтамыз ғой, тіпті мойындадық. Ал бұл булимия көбіне 16-20 жас аралығындағы жастарда жиі кездеседі. Дәл осы кезде адам өз-өзін тану процесінен өтеді, сыртқы ортадан келетін қысым да күшейеді. Сондықтан бұл бұзылысты тек медициналық мәселе деп қарау жеткіліксіз секілді. Себебі оның артында әлеуметтік және психологиялық факторлар да бар екені анық.

Жалпы тамақтану бұзылысы бар адамдардың шамамен 10 пайызы ғана кәсіби медициналық көмекке жүгінеді. Қалғандары өз бетінше ем қабылдауға тырысады. Бірақ оның салдары да ауыр. Себебі зерттеулерге сүйенсек, тамақтану бұзылысы бар адамдарда өлім қаупі 5 есе жоғары болады.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде. Бірақ бойыңызға дерт жабысса, оның алғашқы белгілерін білген жөн.

– Ашқарактық сезімі мен жеген тамақтың калориясын шамадан тыс алаңдау. Міне, булимияның алғашқы белгілерінің бірі осы. Көп жағдайда бұл дертке шалдыққан адамдар денесінің салмағына ерекше мән береді. Тіпті көпшілік ортада да әңгімені көбіне осы тақырып төңірегінде өрбітеді. Кей жағдайда адамның дене салмағы жасына сай қалыпты болғанымен, науқас өзінің сымбатын қабылдамайды, мінсіз өлшемге жеткісі келеді.

Бұл синдромға ұшыраған науқастар тамақтанғаннан кейін өзін кінәлі сезінеді. Тамақ ішу кезінде бақылауды жоғалту, ашқарактықтың күшеюі сияқты белгілер байқалады. Соның салдарынан адам жиі күйзеліске түсіп, өз-өзіне деген жеккөрініш пайда болады, біртіндеп тұйықтала бастайды.

Булимия көбіне жасөспірімдік кезеңде, өтпелі шақта басталады. Бұл уақытта гормоналдық өзгерістер жүреді, жасөспірім айналасындағы адамдардың пікіріне қатты тәуелді бола бастайды. Өзіне тым сын көзбен қарау, сондай-ақ ата-ананың шамадан тыс қамқорлығы да психологиялық қысым тудырып, мәселені

ушықтыра түсуі мүмкін, – дейді облыстық жастар денсаулығы орталығы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің дәрігері Сауле Каусова.

Маманның айтуынша, булимияның екі түрі бар. Біріншісі – классикалық түрі. Бұл жағдайда науқас артық тамақтанғаннан кейін құсық шақыру арқылы немесе іш өткізетін дәрілерді қолдану арқылы ағзадан тамақты шығаруға тырысады. Екіншісі – анорексияның екінші сатысына ұқсас түрі. Мұнда адам ұзақ уақыт аш жүруге тырысып, шамадан тыс спортпен айналысады.

Сонымен қатар ауыр және жүйкелік деп те бөлінеді. Ауыр булимия кезінде науқасқа шұғыл түрде стационарлық медициналық көмек қажет.

Екінші түрі – жүйкелік булимия. Бұл тамақтану тәртібінің бұзылуы салдарынан пайда болады. Оның негізгі белгілеріне тәбеттің күрт ашылуы, ұстама тәрізді ашқарактық, жалпы әлсіздік және асқазан тұсындағы ауырсыну жатады. Кей жағдайда жүйке жүйесінің кейбір аурулары, эндокриндік жүйедегі өзгерістер немесе психикалық саулықтың бұзылуы да осы түрдің дамуына әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда адам салмақты бақылаудан шығарып алып, семіздікке ұрынуы ықтимал.

Ал ауыр булимияның негізгі белгілерінің бірі – дене салмағының күрт азаюы. Кейде адам аз уақыттың ішінде 10-15 килограмм салмақ жоғалтуы мүмкін. Сонымен қатар тез шаршағыштық, құлақ маңы бездерінің ісінуі, тамақтағы қарлығы,

тітіркену сезімі, тіс айналасындағы ісктердің қабынуы сияқты белгілер де байқалады. Бұл ауру көбіне Бағыс елдерінде, қыз балаларда көп кездеседі.

– Жіктелуіне қарай булимия бірнеше сатыға бөлінеді. Бұл сатылар науқастың ағзаны тазарту әрекеттерінің, яғни құсық шақыру жиілігіне байланысты анықталады.

Жеңіл сатысында мұндай эпизодтар аптасына бір-екі рет қана байқалады. Орташа сатысында олардың саны аптасына төрт-жеті ретке дейін жетуі мүмкін. Ал ауыр булимия кезінде адам аптасына сегізден он үш ретке дейін құсық шақыруы ықтимал. Ең соңғы сатысында бұл

көрсеткіш аптасына 14 эпизодтан да асып кетеді.

Көп жағдайда науқас салмағын үнемі бақылауда ұстап, семіздіктің алдын алуға тырысады. Алайда дәл осы шамадан тыс бақылау кейде ашқарактық ұстамаларына әкеледі. Мұндай кезде адам қысқа уақыт ішінде көп мөлшерде тамақ жеп, кейін салмақ қоспау үшін құсық шақыратын дәрілерді қолдануға дейін барады, – дейді дәрігер.

Ұстамаға келетін болсақ, үнемі аш жүрген соң приступ та жиі болады. Осындай қиын кезде науқастардың 75 пайызында дәрігерге қаралмай, тәбетті төмендететін және азыратын препараттарды қолданатын жағдайлар тіркелген.

– Ашқарактық ұстамаларынан кейін науқас өзін «жазалау» мақсатында түрлі дәрілерді қолдануы мүмкін. Мұндай әрекеттер уақыт өте келе ағзадағы тепе-теңдікті бұзып, семіздікке әкелуі немесе адамның қысқа мерзімді эйфория сезімін бастан кешіруіне себеп болуы ықтимал.

Булимияға шалдыққан науқастарда бірқатар қосымша белгілер де байқалады. Олардың қатарында іш қату, бас ауруы, ауызда жағымсыз дәмнің пайда болуы, артериялық қан қысымының төмендеуі бар. Қыз балаларда етеккір циклінің бұзылуы жиі кездеседі.

Сонымен қатар терінің шамадан тыс құрғауы, шаштың көп түсуі, ісінулердің пайда болуы, мұрыннан қан кету сияқты белгілер де байқалуы мүмкін. Кей жағдайда саусақтың сыртқы бетінде

тырналған тіс іздеріне ұқсас жаракаттар қалып қояды. Бұл медицинада Рассел белгісі деп аталады, – деп түсіндірді Сауле Каусова.

Булимияға шалдыққан науқасты дер кезінде анықтау оңай емес. Себебі көп жағдайда сырт көзге ешқандай айқын өзгеріс байқалмайды. Дене салмағы да қалыпты деңгейде болуы мүмкін. Сондықтан дәрігерлер бұл дертті көбіне науқаспен терең әңгімелесу, нақты сұрақтар қою арқылы ғана анықтайды.

Булимия кезінде адам ұзақ уақыт аш жүрудің салдарынан кенеттен ашқарактық ұстамасына тап болады. Мұндай сәтте науқас қысқа уақыт

ішінде шамадан тыс тамақтанып қояды. Ал анорексияда жағдай керісінше: адам әдейі тамақтанудан бас тартып, үнемі аш жүруге тырысады.

Булимияның анорексиядан негізгі айырмашылығы да осында. Анорексияға шалдыққан адамдарды көбіне сыртқы келбетінен – дене салмағының күрт азаюы мен көпшілік жерде тамақтанудан бас тартуынан байқауға болады. Ал булимия көбіне көзге бірден түсе бермейді.

Егер дәрігер науқастан булимия белгілерін анықтаса, ол міндетті түрде психологиялық көмекке жүгінуді ұсынады. Әдетте мұндай жағдайда психологтың бірнеше сеансынан өту ұсынылады, өйткені бұл дерт тек физикалық емес, психологиялық факторлармен де тығыз байланысты.




Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, соңғы онжылдықта мұндай дерттердің таралуы едәуір артқан. Әлемдік деректер бойынша, тамақтану бұзылыстарының жалпы көрсеткіші шамамен 3,5 пайыздан 7,8 пайызға дейін өскен.

Мамандар булимияның көбеюіне бірнеше фактор әсер ететінін айтады. Соның бірі – әлеуметтік желілердегі «идеал дене» культі. Қазіргі жастардың өмірі түрлі платформалармен тығыз байланысты. Instagram, TikTok секілді желілерде таралатын суреттер мен видеолар көбіне мінсіз дене бітімін көрсетеді.

Психологтардың айтуынша, мұндай контент жасөспірімдердің өз денесін өзгелермен салыстыруына әкеліп, сырт келбетіне деген қанағаттанбаушылықты күшейтуі мүмкін. Соның салдарынан кейбір жастар арық болуға ұмтылып, тамақтану тәртібін бұзуға дейін барады. Құрдастар арасындағы қысым мен буллинг те бұл мәселеден тыс емес.

Булимия, анорексия, компульсивті артық тамақтану секілді бұзылыстарға мән бермейміз. Десе де бұл мәселелер жай ғана тамақтану әдетінің бұзылуы емес, адамның психологиялық және физикалық саулығына тікелей қауіп төндіретін күрделі дерттер екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан мұндай жағдайларда тамақтануды шектеу немесе шамадан тыс бақылау емес, керісінше, теңгерімді әрі салауатты әдеттерге баулу маңызды. Бұл ағзаның да, психиканың да тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Інжу МАРЖАН



Суреттер ашық деректерден алынған

## Жаңа жылу беру орталығы мен күріш цехінің қарқыны қарымды



**Қызылорда қаласы мен оған қарасты елді мекендерде жол инфрақұрылымын жаңғырту бойынша ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Жуырда қала әкімі Нұржан Ахатов шаһар аумағы мен кент, ауылдық округтердегі жол жөндеу жұмыстарының барысын аралады.**

Бүгінде қала мен оған бағынышты елді мекендерде жалпы құны 35,4 млрд теңгені құрайтын 21 жоба қолға алынған. Нәтижесінде 70 көшені қамтитын 69,7 шақырым жол күрделі жөндеуден өтіп, қайта жаңғыртылуда.

Қазір Сағымбаев көшесіндегі Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі 2100 км жол қайта жаңартылып жатыр. Ж.Шанин көшесінің Сағымбаев көшесінен Қызылорда-Жезқазған трассасына дейінгі 2960 км бөлігі де жөндеуге енгізілген.

Сонымен қатар Б.Момышұлы көшесінің 2-ші Қаржаубаев көшесінен Әл-Фараби көшесіне дейінгі 2900 км, Сарқырама көшесінің 1230 км, Ақмырза ахун тұйығының 62 шақырым, Саяхат 16 көшесінің 404 шақырым бөлігі ретке келтірілуде.

Жаңақұрылыс-7, 8 және 9 көшелерінің әрқайсысы 750 шақырым, Титов-1 көшесінің 1,272 шақырымы, Мостовая көшесінің 1,07 шақырымы, Қорқыт ата 15 және 18-ші көшелер, Мәмбет Аталық көшесінің 1,1 шақырымы, Бұлғақұлы-2 көшесінің 350 шақырымы, Б.Пирманов көшесінің Әл-Фараби йқшама ауданындағы 1,17 шақырым бөлігі асфальтталуда.

### Шет аймақтар да назардан тыс емес

Қала аумағында жалпы құны 32,2 млрд теңгені құрайтын 5 жоба қарқын алды. Атап айтқанда, Тасбөгет кентінде ұзындығы 5,1 шақырым болатын 4 көше, Белкөл кентінде 0,8 шақырымдық көше, Қызылөзек ауылдық округінде 1,8 шақырымды құрайтын 2 көше жөндеуде.

Қызылжарма ауылдық округінде 10,2 шақырымды қамтитын 14 көше, Ақсуат ауылдық округінде 8 шақырымдық 10 көше, Талсуат ауылдық округінде 0,4 шақырымдық көшеде жұмыстар қолға алынған.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, шет аймақтарға ерекше мән беріліп отыр. Былтыр 38 шет аймақтағы көшеге асфальт, «Әдельвейс» саяжайындағы 3 көшеге қиыршық тас төселді. Қазір теміржол асты өткелінің құрылысы жалғасуда.

### Тұрғындар не дейді?

Жол сапасы жақсарған сайын тұрғындардың да алғысы артып келеді. Көше тұрғыны, зейнеткер Самит Еркеқұлов: – Жаңбыр жауса, дала лай болып, жүру қиын еді. Қазір жол салынып, жағдайымыз жақсарды. 5 жыл бұрын әкімдікке барып, тас жол салу туралы ұсыныс айттық. Міне, салынып жатыр. Шет аймақтың бәрине көңіл бөлініп, жол төселіп жатқанына халық дән риза. Енді жаю жүргішілерге арналған жол салсақпен, – дейді зейнеткер.

### Өткен жылдың нәтижесі

2024 жылы жол инфрақұрылымы саласына бюджеттен 32,3 млрд теңге бөлінді. Оның 9,6 млрд теңгесіне әуежай бағытындағы 3 көпір және «Қызылорда-Жезқазған» бағытындағы автожолдың 2,7 шақырымдық қала ішіндегі бөлігі қайта жаңғыртылды.

Жалпы 19,5 млрд теңгеге 27 көшеде жұмыстар жүргізіліп, көлік және жаю жүргішілер қозғалысына қолайлы жағдай жасалды. 2 көпір күрделі жөндеуден өтіп, 1 көпір жаңадан салынды.

Бұдан бөлек, қала көшелерін күтіп ұстау мақсатында 35 көшеге асфальт төселіп, жол жабындыларының бүлінген учаскелері қалпына келтірілді. Кент және ауылдық округтердегі 43,5 шақырымды құрайтын 51 көше жөндеді.

Қазіргі қарқын сақталса, жақын арада Қызылорда қаласы мен елді мекендердегі жол мәселесі толық шешімін тауып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптаспақ.

Мерейім ӘЛПАТЫР

**Кейінгі кезеңде Сыр өңірі түрлі бағыт бойынша өркендеп келеді. Атап айтар болсақ, өндіріс пен инфрақұрылым жаңа кезеңге қадам басты. Аймақ экономикасында серпінді жобалар бірінен соң бірі іске асып, өндіріс энергетикалық және агроөнеркәсіптік әлеуеті арта түсуде. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы мен заманауи күріш өңдеу кешенінің іске қосылуы өңір дамуының нақты көрінісіне айналып отыр.**

Алдымен аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ірі жобалардың бірі – жаңа жылу электр орталығы туралы сөз қозғасақ, себебі бұл нысан тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды инвестициялық жобалардың қатарында. Мемлекет басшысының қолдауымен түркиялық «AKSA Energy» компаниясы қолға алған бұл жоба өңірдің энергетикалық тапшылығын жоюға бағытталған маңызды қадам.

Облыс әкімі баспасөзге берген брифингінде «Бұл тәуелсіздік жылдарында инвесторлардың қаражатына жүзеге асырылған жобалардың бірі. Жаңа станция 240 МВт электр энергиясын және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Бұл біздің өңірді электр энергиясымен қамтамасыз етіп қана қоймай, оның бір бөлігін оның шегінен тыс сатуға мүмкіндік береді», – деп тың жобаның маңызын айшықтап өткен еді.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – оның қысқа мерзімде жүзеге асырылуы. Жобалық құжаттары 2023 жылы дайындалып, құрылыс жұмыстары былтыр басталды. Ал бүгінде станция жоспарланған мерзімнен бұрын ел игілігіне пайдалануға берілді.

Электр станциясының үздіксіз жұмыс істеуі үшін ұзындығы 45 шақырым болатын газ құбыры тартылды. Құны 15 миллиард теңгені құрайтын бұл инфрақұрылым нысаны станцияны тұрақты отынмен қамтамасыз етеді. Энергетикалық жобаларда мұндай жүйелі тәсілдің маңызы зор, себебі тұрақты отын көзі болмаса, өндіріс те ақап қалады.

Қазір станцияның газ турбиналық қондырғылары іске қосылып, тәулігіне 170 МВт көлемінде электр энергиясын өндіріп отыр. Бұл көрсеткіштің өзі өңір үшін үлкен жетістік. Алдағы уақытта бу турбинасының іске қосылуы нәтижесінде станция толық жобалық қуатына шығады. Бұл өз кезегінде аймақтағы энергия тапшылығын толық жоюға мүмкіндік береді.

Жаңа станцияның іске қосылуы тек бір өңірдің ғана емес, тұтас елдің энергетикалық жүйесіне оң әсерін тигізеді. Әсіресе электр жүктемесі жоғары өңірлік аймақтар үшін қосымша генерация көзінің пайда болуы аса маңызды.

– Қазіргі уақытта екі газ турбиналық қондырғы тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеп, бірінші энергия жүйесіне 170 МВт қуат беріп, елдің оңтүстік аймағын қосымша электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыр. Бұдан бөлек, қуаты 95 МВт болатын тағы бір қондырғыны іске қосу жоспарлануда.

Қазіргі кезде пуско-наладтық жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ мекемеде 400 адам еңбек етеді, олардың басым бөлігі осы елдің азаматтары.

Көне станция мен жаңа орталықтың айырмашылықтарына тоқталар болсақ, қазіргі станция толықтай компьютерлендірілген жүйе арқылы жұмыс істейді, яғни барлық процесті бір компьютердің көмегімен басқаруға болады. Жоба аясында АҚШ, Италия, Чехия және Түркияның озық цифрлық және автоматтандырылған технологиялары енгізіліп, өндірістік процестер толық цифрлық бақылауға алынған, – дейді «AKSA Energy» компаниясы директорының көмекшісі Камал Мададов.

Кейінгі жылдары аймақта электр желілерін жаңғырту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Жалпы құны 24 миллиард 200 миллион теңгені құрайтын 71 жоба іске асырылып, желілердің тозу деңгейі айтарлықтай төмендеді. Бұл халықты сапалы

әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Алдағы жоспарлар да ауқымды. Қуаты 1100 МВт болатын жаңа бу-газ қондырғысының жобалау жұмыстары басталып, оған қажетті жер телімі бөлінген. Сонымен қатар, жоғары вольтты электр беру желілері мен магистральды газ құбырларын салу жоспарлануда. Бұл жобалардың барлығы еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтатын сөзсіз.

Энергетика саласындағы осындай ірі жобалармен қатар, өңірде агроөнеркәсіптік кешен де қарқынды дамып келеді. Оның айқын мысалы – «Абзал и К» компаниясының жаңа күріш өңдеу зауыты.

Бұл жоба цифрландыру мен заманауи технологияларды енгізудің нақты нәтижесін көрсетеді. Мемлекет басшысының экономиканы жаңғырту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, кәсіпорын толық автоматтандырылған өндіріс жүйесіне көшкен. Соның арқасында өндіріс тиімділігі артып, өнім сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

Компания өткен жылы Қытайға жасалған іссапар барысында шетелдік серіктестермен келіссөз жүргізіп, нәтижесінде құны 1 миллиард теңгені құрайтын жаңа зауытты іске қосты. Тынысы ашылған жаңа өндірістік кәсіпорынның қуаты 2,5 есе артқан. Бұрынғыға қарағанда күріш өңдеу кезінде пайда болатын қалдық көлемі едәуір азайып, небәрі 3-4% деңгейіне дейін төмендеді.

Зауыттың тағы бір артықшылығы – оның толық цифрлық басқару жүйесімен жабдықталуы. Өндірістің барлық кезеңі автоматтандырылған, бұл адам факторынан туындайтын қателіктерді барынша азайтады. Сағатына 12 тонна күріш өңдеу мүмкіндігі кәсіпорынның жоғары өнімділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар кәсіпорын энергияны үнемдеу мен экологиялық тұрақтылыққа ерекше мән береді. Зауыт күн электр станциясы арқылы энергиямен қамтамасыз етіледі. Бұл «Green Rice Complex» жобасының аясында жүзеге асырылып жатқан маңызды бастама.

Күріш сапасын анықтау да жаңа деңгейге көтерілген. Заманауи зертхана небәрі 60 секунд ішінде өнімнің сапасын толық сараптап, ақаулы немесе сынған дөңдерді дәл анықтайды. Мұндай технологиялар экспортқа бағытталған өнімдердің сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады.

Жалпы алғанда, «Абзал и К» компаниясының жаңа жобасы өңдеу өнеркәсібіндегі цифрландырудың тиімділігін көрсететін үлгі ретінде бағалануда. Бұл тек бір кәсіпорынның жетістігі емес, тұтас саланың дамуына серпін беретін маңызды қадам.

Қызылорда өңірінде іске асырылып жатқан бұл екі жоба – энергетика мен агроөнеркәсіп саласының жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі. Бірі аймақты жарық пен жылумен қамтамасыз етсе, екіншісі ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, өңір экономикасы әртараптанып, тұрақты даму жолына түсуде.

Нұршат НЫШАНОВА

## БИЗНЕСТІ МАСШТАБАУ:

### КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУР БАСТАЛДЫ

**Жуырда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен бизнесті кеңейту мен масштабтауға арналған кездесуде жергілікті кәсіпкерлер бас қосты.**

Жыны 6 сәуір мен 4 мамыр аралығында еліміздің 17 қаласын қамтитын ауқымды тур аясында жүзеге асуда. Басты мақсат – шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету, кәсіпкерлерге өз ісін жаңа деңгейге шығарудың нақты жолдарын ұсыну. Жоба «Атамекен» ҰКП мен Орталық Азия Франчайзинг қауымдастығының бірлесуімен қолға алынған.

талқыланып, шешу жолдары ұсынылды. Кәсіпкерлер палатасының өкілдері мұндай кездесулердің маңызын атап өтті.

– Бүгінде көптеген кәсіпкердің тұрақты жұмыс істеп тұрған бизнесі бар. Алайда оны кеңейту кезеңінде нақты құралдар мен тәжірибе жетпейді. Осы жоба арқылы кәсіпкерлерге өсудің жүйелі жолдарын көрсетіп, жаңа мүмкіндіктерге бағыт беруді көздейміз, – деді ұйымдастырушылар.

Сондай-ақ, олардың айтуынша, бизнесті масштабтау тек табыс көлемін арттыру ғана емес, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңір экономикасының



дамуына да оң әсер етеді. «Финанс ашу немесе франчайзингке шығу – жауапты қадам. Сондықтан әр кәсіпкер бұл процесті дұрыс жоспарлап, сапаны сақтаудың тиімді тәсілдерін меңгеруі қажет», – деп атап өтті палата өкілдері.

Іс-шараға қатысушылар да кездесудің практикалық маңызын жоғары бағалады. Кәсіпкерлердің айтуынша, нақты тәжірибеге негізделген кенестер бизнесті дамытуға жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, тур аясындағы кездесулер еліміздің өзге қалаларында жалғасуда.

Камилла САҒЫНДЫКОВА

## «Threads»-тің қарқыны

**48 сағат ішінде 70 миллионнан астам қолданушы жинаған «Threads» платформасы сіздің де телефоныңызда бар шығар?!**

Иә, кейінгі уақытта әлеуметтік желілердің қатарына жаңадан қосылса да, озып шыққан «Threads» кеңінен талқылануда. Америкалық Meta компаниясы іске қосқан бұл платформа аз уақыт ішінде үлкен аудитория жинап үлгерді. Небәрі 48 сағат ішінде 70 миллионнан, ал алғашқы тәуліктің өзінде-ақ 30 миллион адам тіркелгені оның қаншалықты сұранысқа ие болғанын анық көрсетіп тұр.

«Threads» – қысқа мәтін, фотосуреттер мен бейнелер жариялауға мүмкіндік беретін, «Twitter»-ге ұқсас микроблог платформа. Бұл желінің басты ерекшелігі ол – «Instagram» желісімен тығыз байланысты.

Қазақстанда да бұл желі өте қарқынды дамып келеді. Сарапшылардың мәліметінше, былтыр еліміздегі «Threads» қолданушыларының саны 1,85 миллион адамға жеткен. Бұл ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар қолданушылардың 59%-ы әйелдер екені анықталған.

«Threads»-тің қазақ қоғамдағы тағы бір айрықша қыры – тіл мәселесіне ықпалы. Бұл платформада қазақ тіліндегі контенттің күрт артуы, ұлттық құндылықтардың жаңғырып келе жатқанының белгісі. Қазақ тілді жазбалардың миллиондаған қаралым жинауы, тіпті шетелдік жұлдыздардың парақшаларында да қазақ қолданушыларының белсенді болуы айқын дәлел. Сонымен қатар отандық танымал тұлғалар да бұл үрдістен тыс қалмай, халықты қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеуге шақырып келеді. Түрлі челлендж бен бастамалар арқылы олар тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, жастар



арасында қазақша контенттің танымал болуына ықпал етуде.

Алайда жаңа қосымшаның көлеңкелі тұстары да аз емес. Әлеуметтік желіде кейде жеке өмір шекарасы бұзылып, кез келген адамның жеке мәселесі көпшіліктің талқысына түсіп жатады. Әсіресе, танымал тұлғалардың әрбір қадамы жіті бақылауға

алынып, болмашы қателігі үшін сынның астында қалатыны да бар.

Бұдан бөлек, кейбір қолданушылар өздерінің отбасылық немесе жеке қиындықтарын ашық жариялап, оны көпшілік алдында талқылауға ұсынады. Мұндай әрекеттер бір жағынан шынайылықты көрсеткенімен, екінші жағынан қоғамда теріс пікір мен орынсыз әңгімелердің көбеюіне жол ашады.

Сондықтан «Threads» желісі қазақ қоғамына жаңа серпін берген, тіл мен бірлікті нығайтатын алаң болғанымен, оны пайдалану мәдениеті әрдайым басты назарда болуы тиіс. Әр қолданушы өз жазбасының қоғамға әсерін түсініп, жауапкершілікпен әрекет еткенде ғана бұл желі шынайы пайдалы құралға айналады.

Хакім Абай Құнанбайұлы айтпақшы, «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шапшақ – Бес дұшпаның білсеніз».

Акерсе ДАРХАНҚЫЗЫ



# АРПАЛЫСҚА ТОЛЫ ҚЫЗМЕТТЕ

## Басы 1-бетте

– Мен сол сөзді айтқанда бала маған қарап, «доктыр тәте, рақмет» деді. Менің жанарыма жас келді. Бір тамшы жас көзімнен төмен сырғанап бара жатқанда оң бойымды күйдіріп өткендей еді. Содан кейін сол бала ауруханада 3 ай емделіпті. Бір шақырумен барып, іздеп соға кеткенімде бала ұйықтап жатыр екен. Анасын жұбатпақ болып, жылы сөздер айттым. Баланың «аяғым қайда?» деген сұрағына анасының айтқан жауабын білесіз бе? «Сені бір бөлек, аяғыңды бір бөлек емдеп жатыр. Жазылған соң жалғап береді» депті. Ана сөзді естігенде жүрегім ауырып кетті, – дейді ақ халатты.

Ардақ Әлішерқызы жедел-жәрдем қызметінде 14 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оның тәжірибесінде мұндай оқиға көптеп кездеседі. Бірде жүрек

қалу оңай емес. Бірде шақырумен үш жасар қызға барғанбыз. Бойында жан жоқ сияқты, былқ-сылқ етіп қалған. Сөйтсек, әкесінің жүрек қантамырына ішетін дәрісін ішіп қойыпты. Оны да аман алып қалдық. Көп шақыруда ажалмен бетпе-бет келіп, адам жаны үшін ашық шай-қасқа шығасың. Әрбір шақыруда барамын дегенше, не болып жатыр екен деп қалың ойда барасың, – дейді Ардақ Әлішерқызы.

Маманның айтуынша, көп көлік жол бермей жатады. Адамды құтқаруға бара жатқанда осындай кедергілер көп болмаса екен деген тілегін де жеткізді. Мұндай мәдениет енді-енді қалыптасып келе жатқаны да жасырын емес. Осы мәселені айтқанда таяуда ғана Астанадағы өрт кезінде өрт сөндірушілер тұрғын үйге жете алмай, алдында

Қазақ «жігітке жеті өнер де аз» деп бекер айтпаған. Ер жігіттің бойынан тек күш-қайрат емес, өнер мен қабілет, талғам мен талпақ қатар табылғанда оның болмысы да толық ашылады.

Қазақтың аналары әлемді де, бесікті де тербетсе, бір қолымен ел қорғайтын, бір қолымен өнердің шырағын жаға алатын азамат та – ұлт руханиятының да, қоғамның да тірегі бола біледі.

Біз айтып отырған өнер мен әскери тәртіп бір-біріне керісінді емес, қайта бірін-бірі толықтыратын құндылықтар. Себебі өнер адамды сабырға, сезімге, үйлесімге тәрбиелесе, әскери қызмет жігер мен жауапкершілікті шыңдайды.

Түркістан қаласындағы Ұлттық ұланның №5574 бөлімінде әскери қызметін өтеп жүрген Рамзат Азизұлы – көп қырлы жас сарбаздың бірі. Ол бір емес, бірнеше аспаптан жақсы тіл табысқан. Жауынгер бүгінде он бір музыкалық аспапта ойнайды.

Оның қолында домбыра, шертер, гитара мен бас-гитара еркін сөйлесе, бұдан бөлек кахон, дарбука, дабыл, тұяқтас секілді ұрмалы және басқа да ұлттық аспаптың қыр-сырын меңгерген. Ал фортепиано, сазсырнай мен шанқобыздың үні арқылы музыкалық композицияларды нақышына келтіріп ойнайды.

21 жастағы Рамзат Жамбыл облысының Жуалы ауданында дүниеге келген. Оның өнерге деген қызығушылығы бала кезден қалыптасқан көрінеді. Домбыраны алғаш рет рет жасында қолына алған оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Себебі отбасында өнерге жақын жандар көп.

Әкесі мен анасы музыка пәнінің мұғалімі болса, ағасы прима-домбырада, әпкесі прима-қобызда керемет ойнайды. Осылайша баланың бойындағы

# САП ТҮЗЕГЕН САЗГЕР



талантты байқаған ата-анасы оның музыкалық шеберлігін шыңдаған.

Кейіпкеріміз кәсіби білімін елордадағы «Шабыт» колледжінде жалғастырып, «бас домбыра» мамандығы бойынша білім алған. Ал бас домбырада еркін ойнау – әр музыканттың қолынан келе бермейтін күрделі өнер. Себебі оны менгеру орындаудан да

кейін қызу талқылау, пікір алмасу басталады. Әр деталь өте маңызды, әр шешім жауаптылықты талап етеді.

## САХНА СЫРТЫНДАҒЫ СИҚЫР



Сценарий бекітілген соң, қоюшы-суретшінің жұмысы қызу түседі. Эскиздер сызылып, материалдар таңдалып, сахнаның болашақ көрінісі біртіндеп қалыптаса бастайды. Бұл тек сурет салу емес, ойды көзге көрінетін дүниеге айналдыру.

– Шабыт жоспармен келмейді. Сенбі-жексенбі – демалыс күн деген шартты ұғым жоқ. Шабыт қай кезде келсе, сол кезде жұмыс істейміз, – дейді ол.

Оның ерекше ықыласпен еске алатын қойы-

ерекше дайындықты, музыкалық сауат пен тәзімділікті талап етеді.

Әскерге аттанғанға дейін Рамзат Астанадағы Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония жанындағы «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблінің құрамында өнер көрсеткен. Ұлттық музыка өнерін насихаттайтын шығармашылық ұжыммен бірге түрлі концертке қатысқан. Сонымен қатар кәсіби музыкант ретінде телевизиялық жобаларда да өнер көрсеткен.

Әскери өмір оның шығармашылығын тоқтатқан жоқ. Керісінше жаңа ортада өнерін одан әрі шыңдауға мүмкіндік туған. Себебі бөлімшеде өнерді дамытуға жағдай жасалған.

Сарбаздың айтуынша, музыка – адамға ішкі тепендікті сақтауға көмектеседі, ой жинақтап, ерекше пен қырағылықты арттырады. Бұл қасиеттердің жауынгерлік міндетті де сапалы орындауға әсер ететіні анық.

## Әлия ТӨЖІБАЙ

лымдарының бірі – «Еңлік-Кебек».

Бұл спектакльде режиссер сахнада шынайы құм болғанын қалаған. Ал оны жүзеге асыру оңай шаруа емес.

– Өр көріністе сахнаға құм төгіп, қайта тазалап отырамыз. Қиын болса да, нәтиже үшін барлығына да барсың, – дейді маман.

Иә, сахна сыртындағы жұмыс әрдайым тәуекелге толы. Қолдан жасалған декорациялар кез келген сәтте сынып кетуі мүмкін. Жарқынбек ағаның айтуынша, осындай сәттердің бірі гастрольлік сапар кезінде болған. Түркістан қаласында өткен қойылымда ағаш конструкция сынып кете жаздаған. «Сахна сыртында тұрып, қойылым біткенше тынысымызды ішке тартып отырдық» деп өткенді еске алды.

Бір күні ішінде біз театрдың тек көрерменге көрінетін емес, көрінбейтін әлемімен таныстық. Бұл тынысыз еңбек, үздіксіз ізденіс және үлкен жауапкершілік мекені. Қойылым басталғанда көрермен тек актерлерді көреді. Ал сол сахнаның әр бөлшегінде Жарқынбек Елеусіңұлы ағамыз секілді мамандардың маңдай тері мен шексіз қиялы жатыр.

Осылайша, «Жастар театрындағы» қоюшы-суретшінің бір күні аяқталды. Бірақ оның шығармашылық жолы мен ізденісі ешқашан тоқтамайды.

## Акерке ДАРХАНҚЫЗЫ

науқасқа қажетті дәрілерді енгізіп, жүрек қызметін тексеріп, кейін ауруханаға жеткізуге шешім қабылдады.

Келесі шақырту – қан қысымы көтерілген егде жастағы әйелге қатысты. Үй ішіндегі уайым бірден сезілді. Әжейдің жағдайы тұрақсыз. Фельдшер қысымды біртіндеп түсіру керек екенін, оны күрт төмендетудің қауіпті екенін түсіндіріп, қажетті ем-шараларды жүргізді. Бірнеше минуттан кейін науқастың тынысы бірқалыпқа келе бастады.

– Жұмыста қан қысымының көтерілуі, жүрек тапмасы, демікпе, жол-көлік оқиғалары, құрысу жағдайлары – бәрі кездеседі. Балалардың арасында да шақыртулар көп. Мысалы температура, ЖРВИ, тамағына бөгде зат тұрып қалу сияқты жағдайлар болады, – дейді кейіпкер.

Иә, бір қарағанда біріне-бірі ұқсамайтын түрлі шақырту түседі. Бірақ барлығын өмір сүруге деген үміт біріктіреді.

Кезекшіліктің соңына қарай көлік ішіндегі үнемізді те басқаша сезіледі. Жедел жәрдем қызметі жай ғана жұмыс емес екенін сол күні анық түсіндік. Бұл әр қоюға бейжай қарамайтын, әр адамның өмірін маңызды санайтын мамандардың ісі.

## Камилла САҒЫНДЫҚОВА, Самал СЕРІКБЕК

баспалдағым болғаннан кейін өзіме өте ыстық, – дейді ол.

Жас өнерпаз өзінің жетістіктерінде ұстазының еңбегі зор екенін ерекше атап өтті.

– Бағыт-бағдар беріп, өмірлік кеңестерін де аймайтын, мені өссін, көрсін, тәжірибе жинасын деп барлығын үйретіп жүрген жетекшім Шолпан Кеңесқызына алғыс айтамын. Алдағы уақытта бұдан да жоғары жетістікке жетіп, жетекшімнің еңбегі мен үмітін ақтағым келеді, – дейді Жанася.

Тоқыма – Жанася үшін жай ғана өнер емес, жан дүниесінің тыныштығы.

– Тоқыманың заттарын қолға алғанда шаршағандым лезде ұмытамын, әрі қобалжудан арылуға көмектеседі. Бастапқыда біршама уайымдайтынмын, кейіннен бұл өнер маған шабыт сыйлап, сүйікті ісіме айналды. Ал бүгінде хоббиім – менің табыс көзім, – дейді ол.

Қазіргі таңда Жанася этностиль мен классикалық дизайнға әшекей-бұйымдар тоқып, түрлі тапсырыс қабылдайды. Бұл оның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының айқын көрінісі.

– Этностиль, классика дизайндырымен әшекей-бұйым тоқып, түрлі тапсырыс қабылдаймын. Бұл бір жағынан қалтама түсетін салмақты жеңілдетіп, өзін-өзі ақтайды, – дейді жас шебер.

Жанасяның бұл таланты – ұлттық өнердің жаңа буынымен қайта жаңғырып келе жатқанының белгісі. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, оның алдағы жетістіктері әлі алда екені анық.

## Ақбота ҚОЛҒАНАТ



талмасының алдын алыпты. Пациенттің өзі жағдайдың күрделі екенін сезінбесе керек.

– Шақырту бойынша бардық. Орта жастағы ер адам екен. «Құса берем» деп шағым жасапты. Бір уақытта қан қысымын, жүрек соғысын тексердім. «Аға, жүрегіңіз қатты соғып тұр» десем, оны білетінін, ондай жағдай болып тұратынын айтты. Бірақ терең тыныс алғанда қоятын көрінеді, бұл жолы ол әдісі өтпейті. Деруе ем-дом жасап, жүрек талмасының алдын алдық. Өз денсаулығына бейжай қараған, он күн бойы қатарынан алкоголь өнімін тұтыған, – дейді фельдшер.

Кез келген жағдайда салқындандық танытып, тез шешім қабылдай алу қабілеті болуы керек. Мұның барлығы жедел-жәрдем қызметкерінің бойында болғаны ләзім.

– Әрине, жағдайға салқынданды қарамасаңыз, жұмыс істеу мүмкін емес. Оның үстіне, көлік жүргізуші мен көмекшінің ықпалы өте зор болады. Жалғыз өзін дәрменсіз күй кешесің. Осы он төрт жылда ойға түйгенім көп. Салқынданды болғанмен, жүрегіміз қатайып кеткен жоқ. Науқастың ауырсынуын өз жаныңмен түсінесің, ол тыныс ала алмай жатса, өзіне ауа жетпейтіндей қиналасың. Үнемі арпалыс үстінде жүресің. Адамның жанын алып

кесе көлденең қойылған автокөліктен өте алмай, жиырма минуттан жоғалтып алғаны ойға келді. Сонда әлгі өрт болған үйдің үш бірдей бала-қайдың өмірі қиылды ғой. Бәлкім, жиырма минут бұрын кедергісіз кіргенде әлгі үш баланың өмірін аман алып қалар ма еді?! Кім білсін?!

Бейбіт күннің батырлары деп айтуға тұрарлық Ардақ тәрізді мамандар ортамызда жүр. Олар өзінің қызметін ерлік санамайды, елдің алдындағы жауапкершілігі деп ұғады. Біз қайтуға жиналғанда Ардақ Әлішерқызы мүлдем бос уақытының жоғын айтып, кешірім өтінді.



Иә, ол тағы да бір адамның өмірін аман алып қалуға аттанды. Сәттілік тіледік.

## Дәулет ҚЫРДАН

**08:00. Қала тіршілігі енді ғана қызға бастаған сәтте, «Жастар театрында» жұмыс әлдеқашан басталып кетті. Қоюшы-суретші Жарқынбек Елеусіңұлымен бір күн өткізгенде, мұндағы жауапкершілік пен сахна сыртындағы көзге көрінбейтін еңбектің күзсі болдык.**

Кейіпкеріміз – Жарқынбек ағаның бұл салаға келуі кездейсоқ емес. Бұрын қала безендіру жұмыстарымен айналысып, кейін досының шақыруымен «Нартай Бекежанов атындағы драма театрында» төрт жыл қызмет атқарған. Уақыт өте келе шығармашылық ізденіс оны «Жастар театрына» алып келді. Бүгінде ол, осы театрдың негізгі тірегіне айналған маманның бірі.

Көшпелік ойнағандай, театрдағы оң күн бірдей қарбаласқа толы емес. Қарапайым күндері Жарқынбек аға сахнадағы декорацияларды реттеп, кем-кетігін түзеп, енді өтетін қойылымдарға дайындық жасайды. Ал нағыз қарбалас, жаңа спектакль дүниеге келетін сәттерде басталады.

– Шығармашылық адамға қатан тәртіп келергі келтіреді. Сондықтан бізде жұмыс еркін форматта жүреді, – делі ол.

Жаңа қойылымның дүниеге келуі үлкен ұжымдық еңбек. Режиссерлер, көркемдік жетекші Онталап Нұрмаханов және басқа да мамандар бірігіп, сценарий таңдайды. Одан

**Қала ішіндегі өмір өз ырағымен өтіп жатқанда, біреу көмекке мұқтаж болуы мүмкін. Осындай сәтте алғаш болып жететіндердің бірі – фельдшер.**

Кейде жедел жәрдем қызметінің жұмысы сырт көзге көріне бермейді. Сондықтан Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының қызметкері Жасұлан Мыңжасаровпен бірге бір күндік кезекшілікке шығып, осы мамандықтың тыныс-тіршілігімен таныстық.

1986 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген Жасұлан Қайырбекұлы бұл салада 2007 жылдан бері еңбек етіп келеді. Жиырма жылға жуық уақыт ішінде ол жүздеген емес, мыңдаған шақыртуға барған. Әңгіме барысында оның медицинаға кездейсоқ келмегенін аңғардық. Анасының осы салада жұмыс істеуі, бала кезден көргені мен түйгені бұл жолды таңдауға әсер еткен. «Адамдарға көмектесу – бұл жай ғана жұмыс емес», – делі ол қысқа ғана.

Кезекшілік басталғаннан кейін көп күттірмей алғашқы шақырту түсті. Көлік ішінде бәрі үйреншікті көрінгенімен, әр қимыл нақты әрі жылдам орындалды. Алғашқы шақыртуда ішімдік ішкен азаматтарға байланысты түсті. Барған сәтте бір адамның жүрегі ауырып отырғаны,

**Нағыз талант жас талғамайды. Бір қарағанда қарапайым көрінетін өнердің астарында үлкен еңбек пен ерекше қабілет жасырынады.**

Тоқыма – жіп пен бізден ғана тұрмайтын, жүректің жылуымен, жаның сабырмен тоқылатын өнер. Ол – үнсіз сөйлейтін, бірақ көп сырды жеткізетін тылсым әлем. Бүгінде мұндай нәзік өнерге ден қоятындар сиреп бара жатқандай. Ал көзін жұмып отырып тоқитын адамды кездестірдіңіз бе?

Қызылорда қаласындағы «Сыр жұлдыздары» шығармашылық мектебінде дәл осындай ерекше қабілетке ие кішкентай шебер өсіп келеді. Ол – №15 мектеп-лицейдің 6 «Б» сынып оқушысы Жанася Бақытжанқызы.

Жанася бұл өнерге кездейсоқ келмеген.

– Тоқыма тоқу анамның анасы, яғни нағашы әжемнен келген қасиет деп ойлаймын. Ол да жастайынан кілем тоқып, тоқымамен айналысқан. Мен де қызығушылығым мен бейімділігімнің арқасында осы

## КӨМЕККЕ АСЫҚҚАН ЖАНДАР



ал екіншісінің эпилепсия дертімен есепте тұрғаны белгілі болды. Алғашқы көмек көрсетіліп, жағдай реттелгендей көрінген. Алайда көп ұзамай сол мекенжайдан қайта шақырту түсті. Бұл жолы науқаста құрысу ұстамасы басталды.

Жасұлан Қайырбекұлы мұндай жағдайдың себеп-салдарын да түсіндірді. Алкоголь созылмалы сырқатты ушықтырып, ұстаманы қайта қоздырған. Мұндай сәтте ең бастысы – құрысууды тоқтату. Ол

салаға бет бұрдым, – дейді жас шебер.

Расында, өнерліге өріс кен. Жанася да осы сөздің дәлелі іспетті. Оның еңбегі тек рухани тұрғыда ғана емес, материалдық жағынан да өз жемісін беріп келеді.

– Иә, түрлі байқауға қатысып, бағымды сынап, әр байқаудан тәжірибе жинауға тыры-



самын. Ең бірінші жетістігім әлі де есімде. Алматы қаласында өткен республикалық байқаудың бірінші дәрежелі дипломын иелендім. Байқаулардың арасындағы бірінші

## КӨЗІН ЖҰМЫП ТОҚИТЫН ЖАС ШЕБЕР

# АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША, ТАЛ ҚАЛСЫН

**Көктемнің шуақты күні Қызылорда қаласындағы Теміржолшылар саябағы ерекше қарбаласқа толды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында өткен «Таза қала – жасыл қала» акциясы аймақ жастарын бір арнада тоғыстырды. Табиғатты аялауды мақсат еткен белсенділер саябақ аумағына жүздеген түп жас көшет отырғызып, қаланың көркеюіне үлес қосты.**



жетекшісінің орынбасары Қарақат Спартаққызының айтуынша, бұл жұмыс – жастардың туған қаласына деген шынайы жанашырлығының көрінісі.

– Біз «Жастар рухы» ретінде қаламыздың әрбір саябағының жасыл желекке орануына себепші болғымыз келеді. Қазіргі жастардың тек әлеуметтік желімен шектелмей, табиғаттың көркеюіне нақты іспен үлес қосып жатқанын қуантады. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дегендей мақсатымызды іспен дәлелдемекшіміз», – делі Қарақат Спартаққызы.

Акция аясында саябақ аумағына 100-ге жуық көшет отырғызылды. Іс-шараның басы-қасында жүрген Қызылорда қалалық «Qosyly» жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек бұл жұмыстың ауқымы кең екенін атап өтті. Оның айтуынша, мақсат – тек тал егу емес, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

– Бүгінгі пара жоғары деңгейде өтуде. Жастар жұмысқа жұмыла кірісті. Біздің басты меже – қаламызды жасыл желекке айналдыру. Алайда тал егумен іс бітпейді. Жастар осы көшеттерді ары қарай күтіп-баптау, суару және өсіп-өнуін қадағалауды да өз міндеттеріне алып отыр, – делі Медет Жорабек.

Акция тек ағаш отырғызумен шектелген жоқ. Оның жалғасы ретінде «Тазалық патрулі» эко-жасағы іске кірісті. Олар қала тұрғындары мен кәсіпкерлерге өз аулалары мен ғимарат маңын таза ұстаудың маңызын түсіндіріп, ақпараттық брошюралар таратты.

Медет Жорабектің айтуынша, бұл бастама алдағы уақытта да жалғасады. Қала саябақтарында тұрақты сенбіліктер тек ала отырғызу шаралары ұйымдастырылып, өзен-көл жағалауларының қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізіледі. Онымен қоса тұрғындар мен жастар арасында экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған 10 арнайы семинар-тренинг өткізу жоспарланып отыр.

Бүгін егілген кішкентай шыбық бірнеше жылдан соң алып бәйтерек болып өсіп, Сыр жұртшылығының сүйікті демалыс орнына айналады. Қызылордалық жастардың бұл қадамы еліміздің жаңаруына үлес үлес қосары сөзсіз.

## Мейір НИЕТ

# ШӘКІРТІМЕН МАҚТАНҒАН МЕКТЕП МЕРЕЙЛІ



**Ұстаз үшін шәкіртінің биіктен көрінуі – ең үлкен бақыт. Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектептің табалдырығында білім нәрімен сусындап, бүгінде өзіндік бағыт-бағдарын айқындаған шәкірттеріміздің бірі – Шынболат Әбдухали.**

Шынболат мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ өзінің зеректігімен, сөзге шеберлігімен және көркем мінезімен ерекшеленді. Оның бойындағы ақындық ұшқын уақыт өте келе нағыз шығармашылық адамына айналдырды. Бүгінде ол – тек білімді оқушы ғана емес, мектебіміздің атын қалалық деңгейде танытып жүрген жас талант.

Өнер додаларындағы жетістіктерінің қатарында бірқатар сайыстардың бас бәйгелері де бар. Шынболаттың поэзия әлеміндегі қадамы өте нық. Ол қазақ әдебиетінің классиктеріне арналған бірнеше ірі додаларда топ жарып, жүлделі орындарды иеленіп келеді.

• «Мағжан оқуларында» ақынның отты жырларын жүрекке жеткізе оқып, рухтылығымен танылды;

• «Сәкен оқуларында» сұңқар ақынның сыршыл әлемін терең түйсініп, көрерменді баурап алды;

• «Мәшһүр-Жүсіп оқуларында» бабалар мұрасына деген адалдығы мен білімпаздығын дәлелдеді.

Ұстазы ретінде мен Шынболаттың әрбір жаңа өлеңінен оның азаматтық ұстанымын, отансүйгіштігін және ұлттық рухын көремін. Ол жай ғана ұйқас қумайды, ол өлең арқылы ой айтады, қоғамдық мәселелерге үн қосады.

Шәкіртімің бойындағы бұл талант Алланың берген сыйы болса, соны ұштау – біздің міндетіміз. Шынболаттың болашақта қазақ поэзиясының төрінен орын алатын ірі тұлға болатынына кәміл сенемін.

Алдымызда үлкен белес – мектеп бітіру емтихандары мен үлкен өмірге қадам басу сәті тұр. Шынболатқа тек сәттілік тілеймін! Қаламың ұштала берсін, жас ақын. Сенің жетістігің – мектебің мен ұстаздарыңның мерейі.

**Гүлжауһар ЖАЙЛЫБАЕВА,**  
Т.Рысқұлов атындағы  
№222 орта мектептің мұғалімі

## Гүлжауһар апайыма

Ұстазым, сен жарықсың күн шуақтай,  
Түндеріме жарық берген шырақтай.  
Сіз үйреткен әрбір әріп, әр сабақ  
Жан дүниеде жаңғырады құлақтай.

Көкірекке білім құйдың нәр кылып,  
Көңілімді жетеледің ән кылып.  
Сөзіңізде самал ескен даланың,  
Мейірімінде гүлдерің тұр гүл ашып.

Қара сөзің қамшы болды жанды ұғар,  
Ақ тілеуің жол ашатын дұға шығар.  
Тәңір берген таудай сабыр бойыңыз  
Үлгі болып ұрпақтарға ашылар.

Жүзіңіз нұр тұнатын күн мүсін,  
Сөзіңізден табам үміт болмысын.  
Шәкірттерге шапағатпен жол ашар,  
Жүрегіміз сіз деп соғар жыр құсын.

Гүлжауһар апай, нұр болып тұр жанарың,  
Сіз оқытқан әр шәкірттің бағы күні,  
Құрметпенен бас иеміз бәріміз,  
Сізге арнаған әндерім әлемге танылар!

## ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ

Жыр дүлділі, ақын жанды қайраткер,  
Өзің маған жыр жазуға қайрат бер.  
Лиястай жырлар жазсам бір күні,  
Аталармын менде, бәлкім, Құлагері!

Үш Бәйтерек: бірі болған ақын,  
Қазақ үшін еңбек қылған батырым.  
Өзің үшін қолға қалам аламын,  
Бір өзіңдей жарқыраған көкте күн!

Есте қалар Құлагерің мәңгіге,  
Сен туралы жазам, роман, әңгіме.  
Тектілікті өз бойына ту еткен,  
Құлагерсіз бұл өмірдің мәні не?

Көп ақынға жалынымен от берген,  
Қыран құстай көк аспанды көктеген.  
Лиястай ақын тумас өмірде,  
Мың ғасырда бір туады күн деген.



Шынболат ӘБДУХАЛИ

## МЕНІҢ АНАМ – ЖАҚСЫ АДАМ...

Көктем. Шұғылалы көктем айы... Жан-жағынның бәрі түлеп, құлпырып, адамдардың бір-біріне деген мейірімі де артатын мезгіл. Қазақта «сәуір болмай, тәуір болмас», «сәуірде тәуір адамдар дүниеге келеді» деген тәмсіл, қанатты сөздер өте көп. Сірә, соған қарағанда адамға жылу сыйлайтын уақыт осы мезгіл сияқты...

Сәуір айын есте қатты ұстауыма тағы бір себеп, менің әке-шешем де осы айда туған аяулы да, ардақты жандар. Сондықтан да ата-анам мен бауырларымның осы айда туғанына байланысты жақсы көруім де заңдылық

айтуынша, сол заманда тұрмыстары өте жақсы болғанға ұқсайды, өйткені әкесі біраз жыл ауылда қазіргі тілмен айтсақ ауыл әкімі (ауылсовет) болып қызмет атқарған. Барлық баласын оқытып, ер жеткізген. Өз ауылымызда нағашы атамыз елге сыйлы, ауызы дуалы кісі болған көрінеді. Әлі күнге дейін ол кісінің аңыз етіп айтылар тұстары көп.

Анамыз бой жеткен соң үлкендердің айтуымен Алматы қаласындағы қазіргі қыздар педагогикалық университетінің «Кітапхана ісі» мамандығына оқуға құжат тапсырып, тек бір емтиханнан өте алмай қалады. Содан соң

сында қазіргі кезде жақсы өмір сүруіміз де анамыздың бізге салған «білім капиталы» деп айтқан болар едік.

Қазақстан тәуелсіздігін енді алып жатқан кез еді... Сол 1994-1995 жылдары апам Айымжан мектеп бітірді. Қызылорда қаласында ақылы негізде бірінші рет «Сейхун» институты ашылып жатқан болатын. Әкем мен апам қыздарының жақсы оқығанын ескеріп, ақылы болса да осы оқу орнына түсуіне жатпай-тұрмай кірісті. Сол кезде адамдардың түсінігінде ақылы оқу деген нәрсе қалыптаспаған, тіпті жағдайы өте жақсы адамдар да «ақылы» деген сөзден қорқып, бұл оқу орнына сол кезде ауылдан екі ата-ананың ғана баласы оқуға түсті. Қазір ойласам, сонда әке-шешемнің көрегенділігі, балаларының болашағына алаңдап, біздердің қазіргі кездегі жақсы өмір сүруімізге сол кезде іргетас қалаған екен.

Анам өнер десе ішер асын жерге қояды. Сондай мақсатпен, мені ауылдағы музыкалық мектептің қобыз сыныбына берді. Қосымша тартатын аспап – баян. Ауылдағы мәдениет үйінде болатын үлкен мерекелік кештерде біз би билеп, ән саламыз. Сондай кештердің барлығында апам мені қолдап үнемі қасымнан табылатын.

Музыкалық мектепке түскен соң, міндетті түрде төрт жыл оқуың керек. Қобызды үйретуші Дария апай, екінші жылы егер жақсы кәсіби қобызшы болам десең, қобыз сатып алу керек деді. Содан апам ол арманымызды да орындап, қобыз сатып алып берген. Музыкалық мектепті толық аяқтап шыққанмен, өкінішке қарай қобызшы бола алмадым. Бірақ Абай атамыз айтқандай «өнерге әркімнің де бар таласы...».

Анам қазірге дейін сұлулыққа жаны құмар, әдемі ән айтқан қыздар мен мың бұрала билеген бишілерді көре ерекше тамсанып қалатыны бар. Қазір апам сексеннің сенірінде. Оның күшқуаты, өмірге құштарлығы, балаларына деген шексіз махабаты, мейірімі бір де бір тоқтаған емес. Біз отқа түссек, бірге жанып, суға батсақ, бізді судан шығарып алушы үнемі апам болды. Сізге қарыздармыз.

Қазіргі тілмен айтсам, апам өте коммуникабельді, тіпті креативті адам. Ол қандай істерінен көрінеді десеңіз, бірінші киім киісі, жүріс тұрысы деуге болады. Үнемі ұялы телефонда болып, үзбей жаңалықтар көреді, «You Tube» желісінде отырады, мәдени, шоу жаңалықтарды көріп, өз пікірін айтып ортаға салады. Жана жас әншілердің әндерін тыңдайды. Әсіресе, Т.Төрәлі, Н.Абдуллин, К.Төлембаева, А.Мамырова тәрізді эстрада жұлдыздарының әндерін сүйіп тыңдайды. Әлемде болып жатқан жаңалықтарды бізден бұрын біліп отырады. Киім киісі де елден ерек. Киімді үйлестіріп киюдің шебері.

«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» дегендей, сіз тұрғанда біз әлі де баламыз. Дүние тұрғанша тұрыңыз! Көңіліңізді ешқашан мұң шалмасын! Біз сізбен мақтанамыз!

**Күнімжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
PhD философия докторы



сияқты. Әлқисса әңгімем де осы айдың жылдығын сезіндірген және де бір мен үшін қымбат жан – ол менің аяулы апам туралы болмақ.

Ана... Бұл сөздің өзі аты айтып тұрғандай, оңынан да, солынан да оқысаң өзгермейтін сөз. Ана сөзіне синонимдер көп-ақ. Бірақ ананың балаға деген махаббаты мен мейірімін ешқандай сөзбен алмастыруға келмейтіні шындық.

Менің апам да мен үшін дәл сондай адам. Бүгінде сексеннің сеніріне шығайын деп тұрған анамызға не арнасақ та, қандай жағдай жасасақ та, ол – перзентінің парызы. Бірақ оның балалары, яғни біз қаншалықты анамызға жақсылық жасап қайтарып жатырмыз, оның өзі бір Аллаға ғана аян. Әрине, ана баласынан ешқандай өтеу сұрамайды. Менің саған істеген жақсылығымызды қайтар деп те айтпайды. Дегенмен, жасың орта жастан асқанда «Біз осы анамызға қаншалықты құрмет көрсеттік, қаншалықты жақсылық жасадық?» деген ой кейде санаға сілкініс сыйлап тұрады.

Анам, Нәзігүл Жақыпова 1946 жылдың 16 сәуірінде Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Отбасында 8 ағайынды болған. Нағашы атамыз Жақып пен нағашы әжеміз Гүлбаршынның отбасында ерекше махаббатпен өскен жан – ол тағы да менің апам. Нағашы атамыз бен әжеміз сегіз баласын бір төбе, анамызды бір төбе қойып, ерекше ықыластарын арнаған екен. Әрине, біздің анамыз да соған лайықты болса керек. Үлкендердің айтуынша, анамыз бала кезінде өте кісі аяғыш болыпты. Сәл нәрсеге ренжігіш, жүрегі өте нәзік бала болып өскен көрінеді. Анамыздың


Алматы қаласындағы бухгалтерлер дайындайтын кооперативті техникумға құжат тапсырып, оқуға қабылданады. Сөйтіп, ауылдан келген анамыз сол жерде жұмысын жалғастырады. Біраз жыл ауылдағы балабақшада менгеруші болған, тоқырау жылдарында балабақша жабылып, ауылдық кеңесте бухгалтер, материалдық бухгалтер қызметтерін зейнетке шыққанша абыройлы атқарды. Біз әке-шешемізден бес ағайындымыз. Ағам – Мейрамбек, апам – Айымжан, сіңлім – Гүлмайра, інім Біржан және мен.

Әкеміз бен шешеміз бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, дүние байлық жинамаса да біздің жақсы өмір сүруімізге барынша атсалысты. Әсіресе, апам Нәзігүл бала тәрбиесіне, оның ішінде қыз баласына қатты талап қоятын. Оған не жатады десеңіздер, үй шаруашылығы, тазалық, ауланың тап-тұйнақтай болуы, әр заттың өз орнында тұруына қатты мән беретін. Анамыз біз бой жеткен соң, қызға қырық үйден тыйым деген нәрсені миымызға құйып отыратын. Соның барлығы біздің жақсы адам болып өсуімізге әсерін тигізді.

Анам балаларының оқығанына қаты мән беретін. Үнемі ізденгенімзді қалап отыратын. Балаларын жоғары оқу орнында оқыту анамыздың басты арманы, мақсаты болды. Қазіргідей материалдық құндылықтар (ақша, қымбат үй, машина) алға шыққан уақытта, апам үнемі оқындар, үнемі ізденіндер, сендердің адам болғандарың керек, материалдық құндылық уақытша, басындағы біліміңді ешкім тартып ала алмайды деп үнемі үгіттеуінің, керек кезінде жақсы ақыл айтуының арқа-

**Жасанды интеллект (ЖИ) – дамып келе жатқан технология. Яғни адамның ойлауын, үйренуін тағы да басқа қабілетін техника арқылы жеткізу десек болады. Өйтсе де, жасанды интеллектің араласпайтын саласы жоқ тәрізді. Ғаламторды ашсаң, алдыңнан сау етіп шыға келетін үйреншікті жағдайға айналып барады.**

## ЖАСАНДЫЛЫҚТА ДА ЖАҚСЫЛЫҚ БАР ЕКЕН



Қазіргі таңда ЖИ-дың ауқымы кеңейіп, түрлі түрі шығып, дамуын жалғастыруда. Тіпті адамдар осы ЖИ арқылы өз кәсібін ашып, істің оңайын тауып жатқан тәрізді. Бұл кез келген істен тиімді тетік таба білу шығар... Бұл әр адамға болашағын көркейтуге көмегін де тигізеді.

Сонымен қатар жасанды интеллектің әр мамандық иесі қолдана алады. Қажет десеңіз, мектеп оқушылары да білмеген ақпараттарын сұрап, сөздік қорын жақсартса болады. Мысалы дәрігерлерге диагноз қоюда көмектеседі, ауруларды ерте анықтайды. Кейбір оталарды роботтар қауіпсіз жасай алады. Өздігінен жүретін көліктер көбейді, осының арқасында болашақта жол апаттары да азаяды деген сенім бар.

Бірақ... Бірақ дегенді осы жерде айтамыз. Жасанды интеллектіге қазіргі жастардың 90 пайызы тәуелді. Олар ЖИ-сіз ойларын толық жеткізе алмайды, тіпті өздері біліп тұрған ақпаратқа сенімсіз болып, жасанды интеллектіден дұрысын сұрайды. Бұл жастардың дамуына көмектескенімен, ойларының дамуына көмектеспейді. Тіпті зиянын тигізеді, ойлау жүйесін тежейді.

Сондықтан тым қатты берілмей, біліміңізді шыңдап, ойлап үйренуге тырысайық. ЖИ шығуына байланысты болашақта кей адамдар жұмыссыз қалуы да ғажап емес. Себебі дамып жатқан технология бар да мамандар жұмыссыз қалуы мүмкін. Жасанды интеллект – болашақтың басты технологиясы. Ол өмірді жеңілдетеді, бірақ оны дұрыс әрі жауапкершілікпен пайдалану маңызды. Пайдалы жағы мен зиянды жағын ажыратып білген де дұрыс. ЖИ-ге еріп өзіміздің жеке тұлғалығымызды жоғалтып алмайық.

**Каусар АБДРАСУЛ,**  
№276 орта мектептің оқушысы,  
Қазалы ауданы

**ТАЕКВОНДО:  
МЕРЕЙ ҮСТЕМ  
МЕДЕТБАЙ**



Жарыс басталғаннан Сыр жұрты топырағында туып өскен талантты спортшы үшін тақымын қысып, әлемді бағындырса деген тілек білдірген еді. Көп ұзамай көріп елден асқалтай жаңалық та жетті. Жердесіміз 55 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жарыс алаңында жалпы саны бес басым түсіп отырды. Нақтыласақ, жарыс алаңында жалпы саны бес жекпе-жек өткізіп, Тайланд, Италия, Швеция және Мексика елдерінің спортшыларынан басым түсті. Ал жартылай финалда Иран елінің спортшысына жол беріп, қола жүзде бұйырды. —Әлем чемпионаты өткенімен бұйырғаны қола болды. Бұл менің әлемде өз салмағымда бірінші болуым емес, елдің абыройын арқаулап келіп тұрған соң, тұтас Қазақстанның қуанышы деп білемін. Іштері күшкентай өкініш — алтын сыйлай алмағаным. Сәтін салса

Казіргі таңда Өзбекстан елінің Ташкент қаласында таеквондодан жастар арасында Әлем біріншілігі өтуде. Байрақты бәсекеде кіл мықты бас қосып, 100-ге жуық елдің үздіктері күш сынасауда. Сол қатарда ел намысын қорғап жатқан жерлесіміз, ұлттық құрама мүшесі Ислам Медетбай да бар.

келесі бәсеке-лерде қоланы алтынға айырбас-спортшы. Расында ел абыройын асқалтатып жүрген Сыр спортшылары өте көп. Солардың ізін жалғап келе жатқан Исламның алағай додаларда атой салып, көк туымызды көкте желбірететініне сенім білдіріп, сәттілік сергі болғай демекпіз.

Сонымен қатар шарада Руслан Бахыттыұлы, Мұрат Өсербаев пен Дархан Сәрсенов сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

**БӘЙГЕ: ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ**

Ис-шараға облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, ҚР Бөйге федерациясының вице-президенті Мұрат Өсербаев, ҚР Грек-рим еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сәрсенов, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев арнайы қатысты. Аламан басталмас бұрын сөз алған Ардак Зебешев ұлттық спортты дамытуда ат бөйгесінің ерекше маңыздылығына тоқталып,

шабандоздарға сәттілік тіледі. — Қазақ ұғымында жылқы қашан да тектіліктің белгісі саналады. Сондықтан да ат бөйгесі — көшпелі халықтың мәдени дәстүрінен тамыр тартатын ұлттық спорттың ең негізгісі. Бүгінде Сыр өңірінде 30 мыңға жуық спортшы ұлттық спортпен жүйелі түрде шұғылданып, халықаралық және республикалық жарыстарда топ жарып жүр. Олардың қатарында казак күресінен Улан Рысқұл, Мақсат Исағабылов, Нұрым Сәлімгереев, Еңбек Сақтағанов, Руслан Теміржан, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов, алыш күресінен Назерке Әбілтаева, көкпардан өңір тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионатында тарихи нәтиже көрсеткен Медетбек Балғынбек бар. Осы ретте, ата-бабамыздан аманат болған ұлттық дәстүрді кәсіпкерлер жүрген барша бапкерлерге, шабандоздарға және спорт жанашырларына зор алғыс білдіремін, — деді Ардак Темірханұлы.



**СЫР ТОПЫРАҒЫНДА  
БАЛУАНДАР БӘСЕКЕСІ ӨТТІ**

Қызылордада Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир өтті. Быыл екінші мәрте ұйымдастырылған, Олимпиада, Әлем, Еуропа, Азия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері жиналған жарыста 20-дан астам елдің балуандары белдесті. Нақтыласақ, Әзірбайжан, Бразилия, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Пәкістан, Ресей, Татарстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Үндістаннан және еліміздің барлық аймағынан 200-ге жуық спортшы 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады.

- Екі күнге жалғасқан халықаралық турнирде балуандар өзара мықтыны анықтап, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапат төрін көрді. Нәтижесінде 10 салмақ бойынша мәлімет төмендегідей.
- 97 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
    - 3 орын - Бағдаулет Азамат, Астана қаласы
    - 3 орын - Жениш Жумабеков, Қырғызстан мемлекеті
    - 2 орын - Мухиддин Эмре, Түркия мемлекеті
    - 1 орын - Худоджиджан Шамшаддинов, Өзбекстан мемлекеті
  - 82 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
    - 3 орын - Алмир Төлебаев, Алматы облысы
    - 3 орын - Бақтияр Женишев, Қырғызстан мемлекеті
    - 2 орын - Бекзат Орункулулу, Қырғызстан мемлекеті
    - 1 орын - Диас Қалтай, Жетісу облысы
  - 72 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
    - 3 орын - Кутман Темирбеков, Қырғызстан мемлекеті
    - 3 орын - Бехрузбек Валиев, Өзбекстан мемлекеті
    - 2 орын - Мерей Бекенов, ШҚО
    - 1 орын - Әділхан Сатаев, Шымкент қаласы
  - 63 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
    - 3 орын - Дастан Зарлыханов, Ақмола облысы
    - 3 орын - Дастанбек Орипов, Өзбекстан мемлекеті
    - 2 орын - Ғалым Қадунасаров, Жетісу облысы
    - 1 орын - Нұрбол Бағдаулет, Қызылорда облысы

Байрақты бәсекеңі ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, ҚР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сәрсенов, Тәйімбет Көмекбаевтың баласы, генерал-майор Бағбан Тәйімбетұлы, батыр ұрпағы Ардашер Шайымбетов қатысты. — Ең алдымен баршаңызды Сыр елінің тумасы, Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнирдің ашылуымен құттықтаймын! Бұл әлемдік дода 1995 жылы самбодан республикалық ашық турнир ретінде ауданнан басталды. Содан бері осы жарыстан 100-ге жуық Әлем және Азия чемпиондары шыңдалып шықты.



- 55 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Алпамыс Дастанбек, Қызылорда облысы
- 3 орын - Ерасыл Мамырбеков, ШҚО
- 2 орын - Әмір Батырбеков, Қырғызстан мемлекеті
- 1 орын - Иштир Батиров, Өзбекстан мемлекеті
- 60 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Асанқожаев Барбек, Қырғызстан мемлекеті
  - 3 орын - Сұлтан Олжас, Алматы облысы
  - 2 орын - Бахрамов Мехрож, Өзбекстан мемлекеті
  - 1 орын - Феруз Тухтаев, Өзбекстан мемлекеті
- 67 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Апиллов Баяман, Қырғызстан мемлекеті
  - 3 орын - Мальтекбаев Мадияр, Абай облысы
  - 2 орын - Юлдашев Сардар, Өзбекстан мемлекеті
  - 1 орын - Кебісбаев Алмат, Қарағанды облысы
- 77 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Мырзалиев Жантор, Қырғызстан мемлекеті
  - 3 орын - Дүйшонбеков Нурел, Қырғызстан мемлекеті
  - 2 орын - Сүлеймен Айдос, Қызылорда облысы
  - 1 орын - Алиев Абдулло, Өзбекстан мемлекеті
- 87 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Артық Алынбекулу, Қырғызстан мемлекеті
  - 3 орын - Азат Салидинов, Қырғызстан мемлекеті
  - 2 орын - Бекен Жанболат, Жамбыл облысы
  - 1 орын - Жеңіс Ерасыл, Жетісу облысы
- 130 кг салмақ дәрежесі бойынша:**
  - 3 орын - Ботаев Мұрат, Қырғызстан мемлекеті
  - 3 орын - Токтоғонов Нұрбол, Қырғызстан мемлекеті
  - 2 орын - Сырлыбай Олжас, Қызылорда облысы
  - 1 орын - Ергали Әлішер, Жамбыл облысы

Бұған дейін турнир Қармақшы ауданында республикалық деңгейде ұйымдастырылатын. Былтырдан бері аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тікелей қолдауымен халықаралық деңгейде облыс орталығында өтуде. Сыр өлкесінде есімі елге, әлемге әйгілі тұлғалар аз емес. Олардың қатарында Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаев есімін ерекше құрметпен айтамыз. Қаһарман жауынгер — қан майданда от кешіп, Отан үшін кеудесін оққа тосқан, ерлігімен көзге түсіп, жаужүректігімен батыр атанған тұлға. Батыр бабамыздың құрметіне ұйымдастырылған бәсекеңіне 20-дан аса елдің спортшылары жиналды. Алдағы уақытта аймағымызда осы бағыттағы халықаралық турнирлер жалғасын тауып, дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Барша қатысушыға сәттілік тілеймін! Жарысымыз әділ әрі тартысты өтсін, — деді облыс әкімінің орынбасары. Мұнан соң Руслан Есеналин құттықтау сөз сөйлеп, Бағбан Тәйімбетұлы «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Айта кету керек, өңірде олимпиадалық спорт түрлері, оның ішінде грек-рим күресі қарқынды дамып келеді. Бүгінде осы спорт түрімен шұғылданушылар саны 1600-ден асқан. Спорт саласына көрсетілген қолдаудың арқасында өткен жылы грек-рим күресінен әлем чемпионы атанған сырбайлық балуан Айдос Сұлтанғали ел мерейін үстем етіп, тарихи жеңіске қол жеткізді.

Бетгі дайындаған Абзал БАҚЫТҒҰЛЫ

**ПАНКРАТИОННАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ**

«Евразия» спорт кешенінде панкратионнан жасөспірімдер, юниорлар, жастар және ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатының ресми ашылу салтанаты өтті. Ауқымды шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жәналиновтың, Ұлттық Олимпиада комитетінің вице-президенті, ММА және панкратион ұлттық федерациясының құрметті президенті Гаджи Гаджиев, федерация президенті Сағындық Мекеев, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев, облыстық жекпе-жек айкастары бойынша панкратион және грэпплинг федерациясының құрметті президенті Алматы Жүнісов қатысты.

Республикалық байрақты бәсекеге еліміздің барлық аймағынан 20 команда, 800-ге жуық спортшы үш жас ерекшелігі бойынша, әртүрлі салмақ дәрежесінде сынға түседі. — Баһадүр бабаларымыз, ержүрек батырларымыздан аманат болған жекпе-жек өнері ертеде елді ішкі-сыртқы жаудан қорғайтын жауынгерлер арасында кеңінен таралса, қазіргі күні батылдық пен ептілікті талап ететін спорт түріне айналды. Біздің өңірімізде 600-ден астам спортшы панкратион, яғни жекпе-жек өнерімен тұрақты шұғылданады. Екі дүркін әлем чемпионы Абылай Шәкірбеков, әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері Олжас Есқараев және жастар арасында әлем чемпионы атанған Әли Мұсағалиев сынды Сыр спортшылары ерекше мақтанышпен айтамыз. Бүгін олардың ізін ерген болашақ чемпиондарымыз маңызды жарыстарда өзара тәжірбие алмасып, шеберліктерін шыңдайды. Бұл дода өскелең ұрпақтың қайратты да батыл, намысы биік әрі жігерлі азамат болып қалыптасуына жол ашады деп сенемін, — деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.



Рәсімде Гаджи Гаджиев пен Сағындық Мекеев жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырып, қолдау білдірген барша спорт жанашырларына алғысын білдірді. Данияр Еренғалиұлы қонақтарға дәстүрге сай құрмет көрсетті. Шара Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Бес күнге созылған жарыс нәтижесінде Сыр спортшылары 4 алтын, 4 күміс, 3 қола медаль жеңіп алды. **Ерлер арасындағы жарыс нәтижесі бойынша:** 58 кг салмақ дәрежесінде Бекарыс Нұржаубайұлы — I орын 62 кг салмақ дәрежесінде Ернұр Әбжамиев — II орын 66 кг салмақ дәрежесінде Дінмұхаммед Тұрғанбеков — I орын 77 кг салмақ дәрежесінде Зейноллабиддин Кеңесов — III орын 84 кг салмақ дәрежесінде Бақжан Ғабитұлы — II орын 93 кг салмақ дәрежесінде Төрехан Абытхан — III орын 100 кг салмақ дәрежесінде Ербол Байназаров — I орын 100 кг салмақ дәрежесінде Хамит Сардар — II орын +100 кг салмақ дәрежесінде Ербол Серғалиұлы — III орын **Қыздар арасындағы жарыс нәтижесі бойынша:** 58 кг салмақ дәрежесінде Болатбек Сания — I орын +75 кг салмақ дәрежесінде Мұрат Гүлназ — II орын Жарыс барысында үздік атанған жерлестеріміз Бекарыс Нұржаубайұлы, Тұрғанбеков Дінмұхаммед, Шәкірбеков Абылай, Әли Мұсақұлов, Олжас Есқараев Өзбекстанда панкратионнан өтетін Азия чемпионатына және Азия ойындарына қатысып, бақ сынамақ. Аймақ абыройын әлемдік аренада қорғап жүрген спортшыларымызға сәттілік тілеп, жеңісті жорықтары жалғасын демекпіз.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

ҚУАНЫШТЫҢ ҚАЗАҚША ӨЛШЕМІ:

# КӨРІМДІК, БАЙҒАЗЫ, СҮЙІНШІ

«Жаңа көлік алдым, көрімдік бересіз бе, көке?». Иә, мұндайды жиі естіп, тіпті өзіміз де айтамыз. Бірақ жаңа көлікке көрімдік берілмейді емес пе? Сонда қай жағдайда көрімдік сұрап, қай уақытта байғазы ұстатып, сүйінші сұраймыз? Қарастырайық.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Иә, қазақта қуанышты жаңалыққа байланысты жоралғы көп. Солардың бірі – көрімдік. Аты айтып тұрғандай, дүниеге келген сәбиді алғаш көргенде, жаңа түскен келінді көргенде көрімдік сұрайды. Яғни қуанышты жаңалықты көзбен көріп, соған ортақтасудан туған жоралғы. Оның мәні затта емес, қуанышқа ортақ болуда. «Жақсылықты бөліссен – көбейеді» деген ұстаным осындай дәстүрлер арқылы қалыптасқан.

Ал байғазы жаңа алған затқа үлкендердің кішіге беретін сыйы. Жаңа киім, жаңа домбыра немесе басқа да жаңадан алған затты көргенде үлкендер «байғазы берейін» деп, ақша немесе басқа сыйлық ұсынған. Мұның астарында «жаңа затың құтты болсын!» деген тілек бар.

«Дәстүр бойынша байғазы ретінде тиын, алқа, моншақ, тәттілер берілген. Ұл балаларға қамшы, жүген сияқты бұйымдар, қыздарға әшекейлер сыйланған. «Байғазыға байдың қызы» деген қалжың сөз де осы салттың бір бөлшегі. Байғазы – жаңа нәрсеге, жаңа киімге, жаңа затқа берілетін кәде. Әсіресе, кішкентай балалар жаңа киім киген кезде жүгіріп үлкендерден байғазы сұрайды. Ол мін емес. Қайта үлкендердің оны елемей мін болады. «Бір бала қуанса, бір гүл қауашақ ашады» дейді халқымыз. Баланың көңілін марқайту – тәрбиенің бір бөлігі», – дейді Зейнеп Ахметова.

Қоғам қайраткері екі жоралғының аражігін «Келін келді, көріңіз, көрімдігін беріңіз деп айтамыз. Көрімдік жаңа түскен келінге, ауылға алғаш келген күйеу балаға, жаңа туған сәбиге беріледі. Көрімдік – жандыға, ал байғазы – жансыз нәрсеге беріледі», – деп түсіндіреді.

Ал сүйіншіге келсек, ол жақсы хабар жеткізген адамға беріледі. Бұрын ауылға қуанышты хабар жеткізген адам «сүйінші!» деп кіріп келген. Үй иесі немесе айналадағылар хабаршыға сый-сыяпат немесе ақша берген. Бұл да қуанышты бөлісудің, жақсылықты жария етудің бір көрінісі. Жоғалған малды немесе затты тапқан адам да сүйінші сұраған. Ал хабарды тек естіп жеткізгендерге «құлақ сүйінші» тағайындалған.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Кейде балалық шақта көрген қарапайым ғана мультфильмнің өзі есейгенде терең ойға жетелейді. Соның бірі – «Қадірдің бақыты».

Иә-иә, сөзіміз бақытын бір жерде дайын тұрған қазынадай елестетіп, оны табу үшін алысқа аттанған Қадір жайында. Жол үстінде түрлі адаммен кездесіп, сан түрлі жағдайды бастан өткерген жалқау кейіпкердің тағдыры арқылы бақыттың алыстан іздейтін дүние емес, ол адамның өз өмірінде, өз еңбегінде, өз болмысында жатқанын түсінгендейміз.

## БАҚЫТ, ҚАЙДАСЫҢ?



Бірақ бір қызығы – дәл осы сұрақтың жауабы әр адам үшін әртүрлі. Біреу үшін бақыт – байлық пен мансап болса, енді біреуге тыныш өмір мен отбасының амандығы жеткілікті. Ал кейде адам бақытты алыстан іздеп жүріп, дәл қасында тұрған қарапайым қуаныштарды байқамай да қалады. Ендеше, шынында бақыт деген не? Қарапайым, бірақ күрделі сұрақты әуелі студент Аружанға жолдадық. Сауалды естіген ол ойланбастан бақытты алыстан іздеудің қажеті жоқ екенін айтты.

– Үйге келгенде ата-анамның аман-есен отырғанын көру, дастархан басындағы қарапайым әңгіменің өзі мен үшін үлкен бақыт, – деді ол.

Ал жас маман Нұрсұлтан бақытты мүлде

басқа қырынан түсіндірді. Ол үшін ең маңыздысы – өз ісінен ләззат алу. Таңертең оянғанда жұмысқа асығып баратынын айтып, дәл осы сезімді бақытқа тенеді. «Көп адам ақша табуды бірінші орынға қояды, бірақ егер істеп жүрген ісін ұнамаса, ол жұмыстан бақыт таба алмайсын», – деген ойымен бөлісті.

Ал келесі кейіпкеріміз – жас ана Айдананың сөзінен өмірге деген көзқарасының өзгергенін байқадық. Бұрын бақытты үлкен жоспарлармен байланыстырса, қазір бәрі басқаша. Ол үшін қазір баласының күліп тұрғанын көру,

денсаулығы – нағыз бақыт.

Мектеп оқушысы Ернар болса, бақытты еркіндікке тенеді. Оның ойынша, адам өз ойын ашық айтып, өз жолын таңдай алса – сол жеткілікті.

Ал кәсіпкер Мейрамбек бақытты ішкі күймен байланыстырады. Ол жетістікке жеткен адамдардың бәрі бірдей бақытты бола бермейтінін айтып өтті. «Егер адам өз-өзімен келісімде болмаса, сырттағы ешқандай дүние де оны қуанта алмайды», – дейді ол. Оның пікірін тыңдап, бойында тәжірибеден туған салмақ бар екенін сездік.

Иә, бақыттың жалғыз формуласы жоқ. Әркім оны өз өміріндегі маңызды жайтпен өлшейді. Бәлкім, бақытты күрделендірмей, дәл сол сәтті сезіне білу керек шығар. Себебі кейде адам іздеп жүрген бақыт – дәл қасында тұрады.

Камилла  
САҒЫНДЫКОВА



Суреттер ашық дереккөзден алынды

## МАКИЯЖ ЖАСАҒАНДА

# нені ескеру керек?

Әрине, әр қыз баласы боянып жүргенді жақсы көреді. Жалпы, әдемілік нәзік жанның болмысына жарасатын қасиет. Десе де, боянудың да өзіндік талабы бар. Осы орайда макияж жасаған кезде жиі кездесетін топ 3 қателікті қарастыруды жөн көрдік.

Сән саласының мамандары жиі айтатын қателіктің бірі – теріні дұрыс ылғалдандырмай, тоналды кремді бірден бетке жағу. Егер бет терісін макияжға алдын ала дайындамасаңыз, косметика да дұрыс сіңбейді. Сонымен қатар бетіңіз құрғақ көрініп, макияж тез өшіп қалады. Ең қиыны – жүзіңіз шаршаңқы әрі күтімсіз болып көрінеді.

Ал мұндай болмасын десеңіз, макияж жасағанға дейін бетіңізді жақсылап жуып, ылғалдандыратын крем жағып, 3-5 минут күтіңіз. Егер уақытыңыз аз болса, ылғалдандыратын тонер немесе мист қолдансаңыз болады. Бұл теріні жұмсартып, тоналды кремнің біркелкі жағылуына көмектеседі.

Осыдан он шақты жыл бұрын трендте болған қалың қас есіңізде ме? Ал, міне, бүгінде қасты тым қою немесе тым қалың етіп бояу күнделікті жасалатын макияжбен үйлеспейді.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Қас – беттегі ең маңызды элементтің бірі. Бірақ кейде қасты тым қара, қалың немесе өткір сызықпен сызады. Мұндай макияж жүзіңізді қатал әрі жасанды етіп көрсететінін ұмытпаған жөн.

Қасыңыз табиғи көрінісін десеңіз, спули щеткасымен жұмыс істеуді ұсынамыз. Ол қастың формасын дұрыс көтеріп, артық жерін боямауға көмектеседі. Алдымен қастың ортасы мен ұшын бояп, кейін щеткамен тараңыз. Сонда қас табиғи әрі жұмсақ көрінеді.

Қателіктердің қатарында өнімді шамадан көп қолдану да бар. Кейде бетке шыққан дақты жасырамыз деп

боянуға арналған заттарды өте көп жағамыз. Кейбірі контурды, кейбірі сүйкімді көрінімін деп румянаны көп жағады. Десе де, өте қалың жағылған өнім бір бірімен баттасатынын ескеру керек. Әсіресе, күнделікті макияжда бұл қателік жиі кездеседі.

Бүгінгі «Кеңес» айдарында айтарымыз осы, оқырман!

Самал СЕРІКБЕК,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің 4-курс  
студенті

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10  
БАС РЕДАКТОР  
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы  
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Мерей ШӘКРАТ

Таралымы: 5211  
Тапсырыс: 629